



Құрметті педагогтер! «Білімді ел – Образованная страна» газеті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген Үздік педагогикалық тәжірибені жариялау үшін ұсынылған басылымдар тізіміне енгізілген. Біздің газетімізде жарияланған мақалаларыңыз – аттестациядан сәтті өтуіңізге қажетті талап.

Уважаемые педагоги! Газета «Білімді ел – Образованная страна» включена в утверждённый Министерством просвещения Республики Казахстан Перечень рекомендованных изданий для публикации лучшей педагогической практики! Ваши статьи в нашей газете – это условие успешного прохождения аттестации.



РЕКОМЕНДОВАНО



В отдалённом селе Кызылординской области открыта современная школа

В ходе рабочей поездки министра просвещения РК Жулдыз СУЛЕЙМЕНОВОЙ в Кызылординскую область в одном из самых отдалённых сел Аральского района, в селе Мергенсай, открыта новая школа, сообщает пресс-служба Министерства просвещения РК. Объект образования построен по стандартам национального проекта «Келешек мектептері», реализуемого по поручению Главы государства Касым-Жомарта Токаева.

По проекту «Келешек мектептері» по республике построены 217 школ, рассчитанные на обучение 460 тыс. учащихся. Из них 84 школы открыты в сельской местности. В Кызылординской области введены в эксплуатацию 10 школ проекта, которые обеспечивают условия для обучения более 7 тыс. детей. Две школы расположены на территории Аральского района.

Новая школа в селе Мергенсай оснащена в соответствии с современными требованиями. Учебное заведение формирует доступную, безопасную и качественную образовательную среду для детей, проживающих в сельской местности. Открытие школы способствует развитию

способностей учащихся, повышению качества учебного процесса и укреплению образовательного потенциала региона.

«Сегодня мы стали свидетелями того, что школа, соответствующая международным требованиям, появилась в сельской местности, – сказала министр просвещения РК Жулдыз Сулейменова. – Забота Главы государства о педагогах способствует повышению статуса учителя в обществе. Сегодня профессия педагога стала одной из самых привлекательных в стране. Поздравляю коллектив школы, учащихся и родителей с этим событием».

В ходе поездки глава ведомства озна-

комилась с деятельностью школы-лицея №277, расположенной в городе Байконур Кармакшинского района Кызылординской области. Фонд «Қазақстан халқына» направил 245 млн тенге на обновление материально-технической базы учебного заведения.

Для Министерства просвещения РК развитие школьной инфраструктуры, сокращение разрыва в качестве образования между городскими и сельскими территориями, обеспечение равных возможностей для каждого ребёнка остаются ключевыми приоритетами. Системная работа в этом направлении продолжается.



ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРТЕҢІН ЕСКЕРЕТІН ЕСТІЛЕРДІҢ ІСІ!

**SENİMEN
BOLASHAQ**
РЕСПУБЛИКАНЫҢ АНАШАП
БІЛІМ АЛҒАНДЫҒЫ

ҚР ҮКІМЕТІ

Жекеменшік білім беру және медициналық мекемелерді қаржыландыру тетіктері қайта қаралады

Премьер-министр Олжас БЕКТЕНОВ өткен аптаның сейсенбі күні, яғни қаңтардың алтысында Мемлекет басшысының «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты бағдарламалық сұхбатында берген тапсырмаларын орындау шеңберінде жекеменшік білім беру және медициналық ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыру жүйесін реформалау жөнінде жиын өткізді.



Үкімет жетекшісі Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерінің алдына жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіндегі теңгерімсіздіктерді жою міндетін қойды. Жиында мемлекет сапалы және қолжетімді қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерді өзіне алатыны және мекемелерде орын болмаған жағдайда жекеменшік ұйымда оқуға жан басына шаққандағы қаржыландыру қарастырылғаны атап өтілді. Десе де бұл мүмкіндікті теріс пайдалану деректері тіркеліп отыр. Субсидия көлемін көбейту

мектептерге мемлекеттік тапсырыс беру тетіктерін қайта қарау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Осы мәселелерді шешу үшін жекеменшік мектептердің қаржыландыру процестері толық цифрландырылып, қызметтерге төлемдер келісім-шарттан бастап ақша төлеуге дейін есепке алынды.

OrtaBilim қызметінің биылғы қаңтар айының 6-сы күнгі мәліметтеріне сәйкес, e-Qazyna.kz веб-порталында 789 жеке мектеппен 78,7 миллиард теңге көлемінде қаржыландыру келісімдері жасалған. Былтыр – сегіз жүз қырық бес білім ордасы. Сондай-ақ бұрын қаржыландырылған екі жүз алты мекеме белгіленген талаптарға сай келмейді. Оқушылар мен мұғалімдерді жалған тіркеу және қосарланған есепке алу, рұқсат етілген жобалық қуаттан артық жүктеу және тағы басқа жағдайлар анықталды.

Аудит барысында төмендегідей алдын ала нәтижелер белгілі болды: 1333 оқушының бір мектептен екінші мектепке бестен 12 ретке дейін көшуі; алпыс төрт жекеменшік мектепте оқушылардың саны жобалық қуаттан екі есе артық болуы; алдыңғы жылы 167 жеке мектептің салықтық есептілігінде кірістер көрсетілмеген. Ішкі мемлекеттік аудит қызметінің аумақтық департаменттері арнайы хат жіберіп, нәтижесінде мектептер 1,2 миллиард теңге көлемінде салық төледі. Бүгінгі таңда қырық алты мектепте қарсы тексерулер жүргізілуде.

Келесі кезеңде мемлекеттік мектептер (6887 мектеп), балалар бақшалары мен университеттер де цифрландырылатын болады. Бұл қадам білім беру қызметтерін бюджеттен қаржыландырудың барлық циклінде толық ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жиын барысында жекеменшік білім беру мекемелерін лицензиялау тәсілдерін қайта қарау мәселесі де қаралды. Жеке ұйымдардың азаматтарға медициналық қызмет көрсетуі саласында тәртіп орнату мақсатында үкіметтік жұмыс тобы азаматтардан



келіп түсетін өтініштерді қаперге ала отырып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ-ның активтеріне талдау жүргізеді.

Оның нәтижелері бойынша Қордың тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған шаралар қабылданады. Жиын қорытындысы бойынша Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Қаржы министрліктеріне бір апта мерзімде аталған мәселелерді шешу бойынша нақты ұсыныстар енгізу тапсырылды. Бұл жұмыстарды үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары Аида Балаеваға жүктелді.

Биыл білім берудің тұтас және орнықты жүйесін құруға бағытталған шаралар жүзеге асырылады



Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде Оқу-ағарту министрлігі орнықты білім беру жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуде. 2026 жылдағы негізгі бастамалар мен жаңашылдықтар туралы ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова айтып берді.

– Оқу-ағарту министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында білім беру жүйесінде ауқымды шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Оның ішінде «Педагог мәртебесі туралы» Заңға өзгерістер енгізілуде. Бұл өзгерістер педагогтерді артық қағазбастылықтан қорғауға, мектептен тыс уақытта балаларға қатысты жазатайым оқиғалар үшін атаналардың да жауапкершілігін нақтылауға, сондай-ақ педагог құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған, – деді ол. Сондай-ақ 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасын бекіту туралы Үкіметтің қаулысының жобасы әзірленді.

Бұл құжат балалардың құқықтарын қорғау, баланың қауіпсіздігі, білім алу құқығы, денсаулық сақтау құқығы, әлеуметтік қолдау саласындағы барлық қолданыстағы шараларды біріктіреді. Мамандандырылған

білім беру ұйымдарын жаңарту жалғасуда, соның ішінде Абай атындағы мектеп-интернаты Абай мектебіне трансформацияланып, жаңа оқу мазмұнмен толықтырылды. Сонымен бірге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқын қорғауды күшейту және білім беру саласындағы ынталандыру тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдануда.

Мәселен, халықаралық ғылыми жоба конкурстарының жеңімпаздарына, сондай-ақ оларды даярлаған педагогтерге біржолғы мемлекеттік сыйақы қарастырылған. Сондай-ақ «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» Заң жобасы қаралуда. Барлық қабылданып жатқан шаралар баланың мүддесіне, педагогтерді қолдауға және сапалы білімге тең қол жеткізуге бағдарланған тұтас және орнықты білім беру жүйесін құруға бағытталған.

ТАҒАЙЫНДАУ

Жайық ШАРАБАСОВ – ҚР Оқу-ағарту вице-министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Жайық ШАРАБАСОВ ҚР Оқу-ағарту вице-министрі болып тағайындалды. Жайық Серікқалиұлы 1980 жылы Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында дүниеге келген. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясын және Уорик университетін (Ұлыбритания) тәмамдаған.

Еңбек жолын 2003 жылы жеке құрылымда бастаған. 2004-2006 жылдары – Батыс Қазақстан облысы Ішкі саясат департаментінің әртүрлі бөлімдерінде бас маманның міндетін атқарушы, бас маман лауазымдарын атқарды. 2006 жылдан 2010 жылға дейін – ҚР Әділет министрлігі Дін істері коми-

тетінің Талдау және ақпараттық-насихаттау жұмысы бөлімінің бас маманының міндетін атқарушы, бас маманы. 2010-2012 жылдары Дін істері комитеті, Діни бірлестіктермен жұмыс басқармасының 1-санаттағы сарапшысы болып жұмыс істеді.

2012 жылы – ҚР Дін істері

агенттігінің Діни бірлестіктермен байланыс басқармасының бас сарапшысы. 2012-2013 жылдары – ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінде, кейінірек ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде бас сарапшы. 2013-2014 жылдары – ҚР Өңірлік даму министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік, мобилизациялық жұмыс және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы.

2014-2016 жылдары – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Өңіраралық ынтымақтастық, талдау және өңірлерді бағалау департаменті директорының орынбасары. 2016-2017 жылдары – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Өңірлік сая-



сат, талдау және өңірлерді бағалау департаменті директорының орынбасары, кейін директоры. 2017-2019 жылдары – Павлодар облысы әкімінің орынбасары.

2019 жылы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2019-2023 жылдары

– ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды.

2026 – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

Озық технологиялар барлық саланың әлеуетін арттырады

...Биыл біз Жұмысшы мамандықтарының жылын атап өттік. Еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсеттік. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Мемлекет мұғалімдер мен дәрігерлерге жан-жақты қолдау көрсетті және осы саясат ұзақмерзімді стратегиялық сипатқа ие болды. Еліміздің мәдениет және ғылым қайраткерлеріне жан-жақты қолдау көрсетілді. Адал еңбектің қадірін білетін ұлттың келешегі де жарқын болмақ. Өз кәсібін нағыз маманы болған отаншыл азаматтар еліміздің көшін алға бастайды, – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан халқын Жаңа 2026 жылмен құттықтауында.

Осылайша, жиырма бірінші ғасырдың алғашқы ширегін абыроймен аяқтадық. Экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша Қазақстан осы саяси-географиялық кеңістікте көш бастады. Бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құрып жатырмыз. Қазақ үшін қазанаттың орны қашанда бөлек. Халқымыз «Жылқы жылы жайлы болады» деп ырымдайды. Біз келесі жылдан көп

жақсылық күтеміз. Өркениетті ұлт ретінде алысқа көз тігеміз. Алға қойған биік мақсатымыз және нақты жоспарымыз бар.

Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, биыл тәуелсіз еліміз жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басады. Еліміздің жарқын келешегі үшін алдағы конституциялық реформаның мән-маңызы зор. Азаматтарымыз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тың серпін беретін бұл

реформаны қолдайды деп сенемін. Біз энергетикалық әлеуетімізді нығайтып, агроөнеркәсіп кешені, су шаруашылығы мәселелерін шешіп, көлік-логистика саласын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын дамыта береміз.

– Шағын және орта бизнес әрдайым мемлекеттің назарында болады. Барлық өңірде жаңа кәсіпорындар ашылып, жолдар жөн-



деледі, сондай-ақ тұрғын үйлер, мектептер, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандары бой көтереді. Мен биылғы Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан

2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпак, – деді ел Президенті.

Жасанды интеллект жұмыс күшінің өнімділігін жетпіс пайызға арттырады

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат НҰРБЕК өткен аптадағы Үкімет отырысында білім беру жүйесін ауқымды цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Мемлекет басшысы Жолдауында ауқымды цифрлық жаңғырту, ең алдымен, кадрларға және адам капиталының сапасына жаңа талаптар қоятынын атап өтті. Осы тапсырмаларды орындау жоғары білімнің мазмұнын жүйелі түрде жаңартуды талап етеді.



рибесін халықаралық әріптестіктер арқылы елімізге әкелдік.

Сала жетекшісінің елімізде ашылған отыз үш филиалдың 12-сінде арнайы ЖИ бағдарламалары ашылған. Мысал ретінде – Cardiff университетінде жасанды интеллект орталығы, арнайы магистратура ашылды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті SeoulTech-пен, Satbayev University City University of Hong Kong-пен, Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті Лу Бань шеберханасының базасында бірлескен бағдарламалар бар. Сонымен қатар қырық сегіз университеттің негізінде Huawei академиялары ашылды.

Он жеті университеттің негізінде арнайы ЖИ орталықтары, «Болашақ» бағдарламасы аясында жасанды интеллект бағыты бойынша жыл сайын арнайы жүз квота бөлінді. Google, NVIDIA, Coursera, Huawei, OpenAI, ETS және басқа да халықаралық серіктестермен былтыр да ынтымақтастық жалғастырылды. OpenAI-мен бірлескен түрде биыл оқытушылар үшін оқу үдерістеріне жасанды интеллектті енгізуге бағытталған жоба, ал ETS-пен ұлттық тестілеу жүйесін реформалау жобасы іске қосылады. Президенттің тапсырмасына сәйкес AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бірінші кезеңде студенттерімізге 646 мың сертификат берілді. Қазіргі таңда студенттер екі жүз жиырма тоғыз жасанды интеллект шешімін әзірледі. Екінші кезеңде Жасанды интеллект кеңесінің мүшесі Пол Ким мырза әзірлеген жасанды интеллект бойынша тереңдетілген курстарды жүз мың студент оқытылады. Ақпан айында іріктеу басталады. Үшінші кезеңде 60 мың студент индустрияның нақты қажеттіліктеріне бағытталған өз жобаларын қалыптастырады. Жасанды интеллект және цифрландыру министрлігі Astana Hub-пен бірлесіп, университеттер базасында Tomorrow

School жобасын жүзеге асыруда.

Жоба халықаралық әдістеме негізінде барлық өңір тұрғындары үшін тәулік бойы қолжетімді форматта ұйымдас-тырылады. Қазіргі таңда төрт өңірде жобаны іске асыру үшін қажетті оқу орынжайлары бөлініп, компьютерлік техникамен толық қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Осы ретте министр жобаны жүзеге асыруға белсенді қолдау көрсетіп отырған Ақмола, Қостанай және Алматы облыстарының әкімдіктеріне алғыс білдірді. Қалған он бес аймақта компьютерлік техникамен қамтамасыз ету мәселелері пысықталу үстінде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жасанды интеллект бойынша арнайы университет құрылады. Университет индустрия сұраныстарына сәйкес пәнаралық бағыттар бойынша кадр даярлауға және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге бағыттал-ды. Университет Alem.ai экожүйесіне интеграцияланып, жетекші шетелдік университеттер және технологиялық компаниялармен әріптестікте дамытын болады. Бүгінгі күні жасанды интеллектті дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда. Жасанды интеллект университетін құрумен бірге бір-қатар жүйелі шараларды жүзеге асыру міндеті тұр.

Негізгі мақсат – профессор-оқытушылар құрамын жасанды интеллект бойынша біліктілікті арттыру бағдарламаларымен толық жүз пайыз қамту және 100 мың студентті тарта отырып, AI-Sana бағдарламасының келесі кезеңін жүзеге асыру. Сонымен қатар OpenAI компаниясының әзірлемелері негізінде білім беру жүйесін трансформациялауға бағытталған осы компанияның алғашқы халықаралық пилоттық жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жоғары оқу орындары үшін суперкомпьютерлік инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

ЖИ-мен қамтылған Ұлттық білім беру платформасы іске қосылады



Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ барлық саланы, оның ішінде білім беруді цифрландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Оқу-ағарту министрлігі Үкімет арқылы мұғалімдердің жүктемесін азайтуға, оқушылардың ЖИ сауаттылығын арттыруға және Ұлттық білім беру платформасын құруға бағытталған жасанды интеллект енгізу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Бұл туралы Оқу-ағарту вице-министрі Асылбек Ахметжанов мәлімдеді. – Оқу-ағарту министрлігі цифрлық профильдердің ұлттық жүйесін және Ұлттық білім беру платформасын құруға кірісті. Бұған қол жеткізу үшін ұлттық білім беру дерекқоры жаңғыртылып, ол барлық LMS, яғни электрондық күнделіктермен журналдардың бірыңғай деректер қоймасына айналады. Бұл барлық деректі QazTech мемлекеттік бұлттық платформада шоғырландыруға мүмкіндік береді, – деді ол.

Бұл мұғалімдердің күнделікті жүктемесін азайтады, өйткені ЖИ агенттері, мысалы, педагогикалық кеңестерге дайындық кезінде көмектесе алады. – 2026-2027 оқу жылынан бастап шағын жинақты мектептер үшін пилоттық өңірлерде Qazaq Digital мектебі жоба-

сы іске қосылады, онда ЖИ репетиторлары қолданылады. Биыл екі жүз мыңнан астам педагог тәжірибелік ЖИ дағдыларын меңгереді, – деп толықтырды вице-министр. Оқушылар арасында ЖИ сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінбек.

Сонымен қатар биылғы жылдың бірінші жартысында Министрлік жанындағы жұмыс тобы заңнамалық өзгерістер бойынша ұсынымдар әзірлеп, білім беру саласында жасанды интеллект қолдану бойынша пилоттық жобалардың тиімділігін бағалайды. – Осылайша, Үкімет ЖИ агенттері көмегімен педагогтер жүктемесін азайтуға, сондай-ақ азаматтарымыз үшін мемлекеттік қызметтер алуды жеңілдетуге мүмкіндік беретін цифрлық негіз қалыптастырады, – деп қорытындылады сөзін Асылбек Амантайұлы.

ИНФОРМАЦИЯ

Началось январское ЕНТ

Началось январское ЕНТ, которое продлится до 10 февраля. Около 187 тысяч человек подали заявления для участия в ЕНТ, что на 20 тысяч больше по сравнению с прошлым годом. Из них 75,2% изъявили желание пройти тестирование на казахском языке, 24,6% – на русском, 189 человек – на английском языке.

Стоит отметить, что при подаче заявлений абитуриенты сами выбрали дату, время и пункт тестирования. Наиболее часто выбираемой комбинацией профильных предметов является «Математика-Физика» – 19,2%. Это будущие учителя, инженеры, механики, техники и технологи, энергетики,



строители. Далее идут комбинации «Биология-Химия» – 16,9%, «Творческий экзамен» – 9,7%, соответственно будущие медики и специалисты творческих сфер.

Во время ЕНТ в программе тестирования будут доступны калькулятор, периодическая система химических элементов (таблица Менделеева) и табли-

ца растворимости солей. А на апелляцию абитуриенты могут подать в течение 30 минут после завершения тестирования. Сертификат тестируемого, подавшего на апелляцию, будет доступен в личном кабинете после принятия решения апелляционной комиссии.

В 2026 году формат ЕНТ остаётся без изменений. Абитуриенты по-прежнему сдают три обязательных предмета и два профильных на выбор. Общее количество заданий не меняется и составляет 120. Из них 20 заданий приходится на предмет «История Казахстана», по 10 заданий – на «Грамотность чтения» и «Математическую грамотность», а также по 40 заданий по каждому из двух профильных предметов. Максимальный возможный результат ЕНТ остается прежним и составляет 140 баллов.

Время тестирования – 4 часа (240 минут). Здесь стоит отметить, что для детей с особыми образовательными потребностями сохранится дополнительное время в размере 40 минут.

Напомним, в январском ЕНТ участвуют лица, зачисленные в вуз по очной форме обучения на платной основе условно, обучающиеся в вузе, желающие перевестись из творческих ГОП в другие направления подготовки на платной основе, желающие перевестись на педагогические направления подготовки на платной основе, выпускники школ прошлых лет и колледжей, лица казахской национальности, не являющиеся гражданами РК, граждане РК, обучавшиеся за рубежом, а также обучающиеся выпускных классов школ для зачисления в вуз на платной основе по желанию.

ВСТРЕЧА

Бельгийский университет Монса заинтересован в наращивании сотрудничества с вузами Казахстана

Монс, 9 января 2026 года – Посол Казахстана в Бельгии Роман ВАСИЛЕНКО провёл встречу с ректором Университета Монса (Université de Mons – UMONS) профессором Филиппом ДЮБУА. Стороны обсудили расширение сотрудничества в сфере высшего образования, академической мобильности и прикладных научных исследований, сообщает пресс-служба МИД РК.

Р.Василенко отметил, что Казахстан формирует открытое академическое пространство и привлекает зарубежные университеты к взаимодействию: сегодня в стране действуют порядка 40 иностранных и совместных университетов и программ двойных дипломов, что создаёт широкие возможности для международного обмена студентами и учёными.

«Казахстан заинтересован в практическом сотрудничестве – от академической мобильности до прикладных исследований и технологического взаимодействия. Мы видим интерес бельгийских студентов и преподавателей и считаем эту динамику



перспективной», – подчеркнул Посол.

UMONS уже сотрудничает с казахстанскими вузами по академической мобильности. С февраля 2026 года пять студентов UMONS проведут семестр в КазНУ им. аль-Фараби, изучая языки, культуру и участвуя в межуниверситетских образовательных программах. Казахские студенты, в свою очередь, обучаются в Монсе на факультете языков.

Ф.Дюбуа подчеркнул: «Мы заинтересованы в развитии сотрудничества с казахстанскими университетами не только в области обменов, но и в сфере науки. UMONS имеет междуна-



родный опыт исследовательских проектов, мы видим перспективы расширения таких проектов с Казахстаном».



После переговоров казахстанская делегация посетила исследовательский центр Materia Nova, созданный при UMONS и специализирующийся на разработке инновационных материалов, покрытий и полимеров, а также на трансфере технологий в промышленность. Центр объединяет почти 100 научных сотрудников и работает с более чем 300 внешними экспертами, что делает его одним из крупных исследовательских игроков в области материаловедения в Европе.

По итогам стороны выразили заинтересованность в расширении сотрудничества в сфере академической мобильности и

прикладных исследований, а также обсудили возможность визита руководства UMONS в Казахстан для проведения предметных встреч с университетами и научными центрами.

UMONS – один из ведущих научно-ориентированных университетов Бельгии, где обучаются около 12 000 студентов, представлены международные программы и осуществляется активная научная деятельность с партнёрами из более 50 стран мира. По критериям международных публикаций и сотрудничества университет входит в мировые академические рейтинги и признан за качество научного цитирования и совместных исследований.

УСПЕХ

Студентка Казахской национальной академии искусств стала победителем международного конкурса в Беларуси

В Витебске (Республика Беларусь) прошёл VII Международный фестиваль-конкурс «Арт-парад в Витебске». Конкурс объединил более 1 200 участников из 12 стран, включая Казахстан, Великобританию, Германию, Италию, Китай, Грузию и Кыргызстан.

Казахстан на конкурсе представила Акерке Амалят, студентка 4 курса Казахской национальной академии искусств имени

Темирбека Жургенова. Исполнив казахскую народную песню, она набрала 129 баллов и завоевала Гран-при в номинации «Вокал».

Отметим, что ранее Акерке неоднократно становилась победителем и лауреатом международных и республиканских конкурсов.



ОҰ ОРАЛЫМЫ

Жаңғырудың жаңа кезеңіндегі шынайы мазмұн

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВТЫҢ «Turkistan» газетіне берген сұхбатынан туған ой)

Жаңа жыл келді – бұл жаңа мүмкіндік пен жаңа бастамалардың уақыты. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбаты – жыл басындағы жай ғана ақпарат емес, елдің саяси-әлеуметтік және экономикалық күн тәртібін айқындап беретін бағдарлы әңгіме. Сұхбаттың өзегінде бір ой айқын: Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ басты, ендігі міндет – реформаны ұран деңгейінде емес, нәтиже өлшемімен дәлелдеу.



Ғалымжан ОРЫНОВ,
Түркістан облысы
білім басқармасы
басшысының
міндетін атқарушы

Президент «Заң және тәртіп» қағидатын мемлекеттік басқарудың темірқазығына айналдыру қажеттігін нақтылады. Бұл – тек құқық қорғау жүйесінің міндеті емес, мемлекеттік аппараттың барлық буынына қатысты басқарушылық талап. Заң үстемдігі орнықпайынша, әділетті бәсеке қалыптаспайды; әділетті бәсеке болмайынша, экономика өнімді болмайды; ал өнімді экономика

болмаса, әлеуметтік міндеттемелердің де сапасы төмендейді. Сондықтан «заң» мен «тәртіп» – мемлекет тұрақтылығының синонимі.

Сұхбаттағы түйінді тұстардың бірі – 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялау. Бұл бастамаға формальды ұран ретінде қарауға болмайды. Президенттің пайымы бойынша цифрлық шешімдер басқарудағы интуицияны емес, дәлелді саясатты күшейтуі тиіс; дерекке сүйенген шешім қабылдау мәдениеті мемлекеттік жүйенің табиғи дағдысына айналуы қажет. Демек, цифрландыру – сән үшін емес, жауапкершілікті күшейтетін басқару құралы.

Қазақстанның «цифрлық держава» болу талабы да дәл осы логикадан туындайды. Цифрлық егемендік – технология сатып алу ғана емес, мемлекет пен қоғамның бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу шарты. Жасанды интеллект пен деректер экономикасы қалыптасқан дәуірде «ертеңге үлгеру» мәселесі әр ел үшін стратегиялық тәуекелге айналды. Президенттің «болашақтың кемесіне мінген елдер мен ескі заманда қалған елдердің арасы алшақтай бастады» деген тұжырымы – эмоциялық сөйлем ғана

емес, геосаяси шындық.

Бұл ой білім беру саласына тікелей қатысты. Өйткені кез келген жаңғыру, ең алдымен, адам капиталы арқылы жүзеге асады. Мектеп – қоғамның ертеңгі кәсіби құрылымын қалыптастыратын орта. Мұғалім – сол құрылымды ұстап тұрған негізгі тұлға. Сондықтан жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу мәселесін «техника» ретінде емес, педагогиканың мазмұнын жаңартатын мүмкіндік ретінде қарастыру қажет.

Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды. Керісінше, ұстаздың уақытын артық есеп-қисап пен қайталанатын рәсімдерден босатып, оқу үдерісін жекелендіруге, оқушының оқу траекториясын нақтылауға және бағалаудың әділдігін арттыруға мүмкіндік береді. Егер біз оқушыны «орташа деңгейге» теңестіре берсек, дарынды да, қолдауды қажет ететін де баланы жоғалтамыз. ЖИ құралдары – дәл осы олқылықтың орнын толтыратын әлеует.

Сұхбатта айтылғандай, цифрландыру бойынша Қазақстанның бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Алайда мүмкіндікті сапалы нәтиже ету үшін екі шарт қажет: біріншісі – кадрлық әлеует; екіншісі – ашық әрі әділ ереже. Осы орайда «AI-Sana» сияқты бастамалардың кеңеюі маңызды. Жүздеген мың студенттің жасанды интеллект негіздерін меңгеруі – елдің болашақ еңбек нарығына жасалған инвестиция. Дегенмен көлемнің өзі жеткіліксіз: бізге мазмұн сапасы, қолданбалы жобалар, ғылыми зерттеу мен өндірістің байланысы және нақты құзыреттердің еңбек нарығында бағалануы керек.

Өңірлер үшін бұл міндеттің

салмағы тіпті жоғары. Себебі цифрлық теңсіздік – әлеуметтік теңсіздіктің жаңа формасына айналуы мүмкін. Егер ауыл мектебі сапалы интернетсіз, заманауи құрылғысыз қалса, онда ол жердегі бала «кінәсіз түрде» бәсекеден тыс қалады. Сондықтан цифрландыруды енгізу – ең алдымен тең мүмкіндік саясаты. Мұнда «бірдей мүмкіндік» деген сөз «бәріне бірдей планшет беру» емес; ол – әр баланың сапалы білімге қол жеткізу жолын нақты қамтамасыз ету дегенді білдіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне келгенде Президент ұстанымы – анық әрі кесімді: бұл күрес барлық деңгейде жүруі тиіс және ешбір сала «ерекше режим» сұрай алмайды. Жемқорлық – экономиканы да, моральдық кеңістікті де бүлдіретін құбылыс. Оның алдын алудың бір жолы – жазалау ғана емес, төзбеу мәдениетін қалыптастыру. Мектептің бұл процесстегі рөлі бөлек: адалдықты ұранмен емес, күнделікті тәжірибемен үйрету қажет. Бала заңды қағаз жүзінде емес, өмірлік норма ретінде қабылдағанда ғана нәтижеге жетеміз.

Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретіндегі міндеттемелері туралы ой да сұхбатта кең қамтылған. Әлеуметтік саясаттың өлшемі – «көмек берілді» деген есеп емес, оның әділдігі мен нысаналығы. Әсіресе білім саласындағы қаржыландыру тетіктері қоғамда әрдайым сезімтал тақырып. Мемлекеттік қолдау бар жерде міндетті түрде ашықтық, есептілік және тең талап болуы тиіс. Мемлекет басшысы да осы бағытты нақтылап, азаматтардың құқығы тең, ешкімге артықшылық берілмеуі керек деген қағидат

ты айрықша атады. Бұл қағидат бюджет қаражатын бөлу мен бақылау жүйесінде – бірінші кезекте – нақты ереже, толық цифрлық із және қоғамға түсінікті есеп түрінде көрініс табуы тиіс.

Отаншылдық туралы айтылған ойлар – бүгінгі қоғам үшін ерекше өзекті. Президенттің «Отаншылдық жылтырақ сөзбен бағаланбайды» деген түйіні – әсіре әрекет пен жасанды пафостан арылуға шақыру. Нағыз патриотизм – тәртіп, еңбек, жауапкершілік, табиғатты аялау, қоғам игілігі үшін нақты іс. «Таза Қазақстан» бастамасы да дәл осыны көздейді: тазалықты бір күндік сенбілікке емес, ұлт мәдениетінің өзегіне айналдыру. 2026 жылдың Халықаралық еріктілер жылы ретінде жариялануы – осы идеологиямен үндесетін жаһандық бағдардың бір дәлелі.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының сұхбаты бір мезетте үш міндетті айқындап берді: заң үстемдігін күшейту, цифрлық жаңғыруды нақты іске айналдыру және қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін орнықтыру. Енді біз бұл бағыттарды құжаттың саны арқылы емес, азаматтың күнделікті өміріндегі әділдік пен сапаның артуы арқылы өлшеуге үйренуіміз керек.

Түркістан облысының білім саласы үшін бұл сұхбаттың мәні бөлек. Себебі жаңа кезеңнің негізгі «сынағы» – мектеп пен мұғалімнің кәсіби деңгейі арқылы өтеді. Біз ұстаз беделін сөзбен емес, жүйемен қорғауға; оқушының болашағын ұранмен емес, сапалы біліммен қамтамасыз етуге міндеттіміз. Жаңғырудың жаңа кезеңі осылай ғана шынайы мазмұнға ие болады.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Батырдың мұрасы – жас ұрпаққа рухани бағдар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мен «Шеберлік шыңы» Республикалық әдістемелік орталығы бірлескен түрде «Момышұлы мұрасы» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығына арналған байқаудың екінші кезеңін ұйымдастырды.

Ұлт тарихында айрықша орны бар, ерлігі елге үлгі, сөзі ұрпаққа өсиет болған Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай өткізілген бұл игі шара жас ұрпақтың санасына отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті сіңіруді көздеді. Байқау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының идеялық арқауына сүйене отырып ұйымдастырылды. Бұл тұжырымдама аясында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, елге қызмет ету секілді асыл құндылықтарды жас буынның өмірлік ұстанымына айналдыру басты мақсат ретінде айқындалды.

Осы тұрғыдан алғанда, Бауыр-

жан Момышұлының батырлық жолы мен өнегелі ғұмыры – ұлттық тәрбиенің сарқылмас қайнар көзі. Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең онлайн форматта өткізіліп, республика бойынша білім алушылардан 100-ден астам шығармашылық жұмыс қабылданды. Ұсынылған жұмыстар мазмұнының тереңдігі, тақырыпты ашу деңгейі, шығармашылық ерекшелігі және талаптарға сәйкестігі бойынша сарапталып, нәтижесінде үздік деп танылған қатысушылар байқаудың қорытынды, яғни екінші кезеңіне жолдама алды.

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған оқушылар мен педагогтер байқауға ерекше дайындықпен, зор ықыласпен қатысты. Респуб-



лика көлемінен 65 оқушы келіп, өз өнерлері мен білімдерін ортаға салды. Мәнерлен оқу, монолог, ғылыми жоба, эссе жазу, қол-өнер және сурет номинациялары бойынша өткен сайыстарда қатысушылар батыр тұлғасын әр қырынан танытып, оның ерлігі мен рухани мұрасын шығармашылық тұрғыда зерделей білді. Әрбір орындалған жұмыс жас жүректің ел тарихына деген құрметін, батыр рухына деген тағзымын айқын көрсетті.

Байқау барысында Бауыржан Момышұлының қаһармандық болмысы, ескери қолбасшылық дарыны ғана емес, терең ойлы жазушы, ұлт жанашыры ретіндегі бейнесі де кеңінен ашылды. Оқушылар оның

шығармаларындағы адамгершілік, тәртіп, намыс, жауапкершілік идеяларын бүгінгі заманмен сабақтастыра отырып жеткізе алды. Бұл – батыр мұрасының уақыт өткен сайын маңызын жоймай, керісінше жаңа ұрпаққа рухани бағдар бола алатынының айқын дәлелі. Байқау қорытындысында үздік деп танылған қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталып, «Мазмұндама» баспасының кітаптары сыйға берілді.

Бұл марапаттар – жас таланттардың еңбегіне берілген баға ғана емес, олардың алдағы шығармашылық ізденістеріне берілген үлкен демеу болды. «Момышұлы мұрасы» байқауы батырдың ерлік жолын, әдеби және рухани мұрасын насихаттауда, жас ұрпақты елін сүюге, адал азамат болып қалыптасуға тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды. Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы ұлт қаһармандарының өнегесі жас буынның жүрегіне жол тауып, ел болашағының рухани іргетасы беки түсетіні сөзсіз.

Алия САЙДЕМБАЕВА,
ҚР Оқу-ағарту
министрлігінің
Республикалық ғылыми-
педагогикалық
кітапханасының
директоры

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Жекеменшік мектеп облыстық коммуналдық меншікке берілді



ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен облыс әкімдігінің бірлескен (06.11.2025 ж.) бұйрығымен бекітілген «пилоттық жобаға» сәйкес 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларына жеке мектептердің мемлекеттік тапсырысын орналастыру жергілікті атқарушы органдарға міндеттелген еді. Жеке мектептерден мемлекеттік тапсырысқа өтініш қабылдау үшін ҚР Қаржы министрлігі тарапынан «Орта білім» электрондық платформасы әзірленіп, аймақтағы отыз тоғыз мектептің 37-сі тіркеліпті.



Облыстық білім басқармасының баспасөз қызметі жариялаған ресми ақпаратқа жүгінсек, байқау нәтижесімен тиісті талапқа сәйкес келген екі білім беру ұйымына мемлекеттік тапсырыс орналас-тырылған. Жеке мектептерді ашу-дағы басты мақсат – бұл мемлекет қаржысы есебінен мектеп құрылысын салуға мүмкіндігі жоқ жерлердің мәселесін шешу болатын. Дегенмен, жекеменшік мектептер ашылған Қызылорда қаласы (27 мың 448 орын) мен Шиелі (3914 орын), Жаңақорған (4630 орын) кенттеріндегі мемлекеттік мектептерде 35 мың 992 бос орын (профицит) қалыптасқанымен, көп жекеменшік мектептер жергілікті жердегі оқушы орны қажеттілігі бойынша жергілікті атқарушы органның келісімін алмаған.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік мектептер орналасқан мөлтек аудандарда бірнеше жеке мек-

тептердің шоғырлануына алып келуде. Жеке мектептердің мемлекеттік тапсырысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы №597 бұйрығымен бекітілген «Жан басына шаққандағы қаржыландыру» әдістемесіне сәйкес орташа бір балаға бір жылға 650,0 мың теңге көлемінде төленеді. Сонымен қатар аталған әдістемеде бір баланың оқу құнынан бөлек құрылысы салынған жеке мектептерге бір оқушы орнына бір жылға жаңа құрылысқа 377,5 мың теңге (96 АЕК) қайта бейімдеуге (реконструкция) 184,8 мың теңге (47 АЕК) көлемінде сегіз жыл төленуде екен.

Бұл аймақтағы жұмыс істеп келген отыз тоғыз мектептің 29 мектебіне құрылыс бойынша республикалық бюджеттен соңғы бес жыл көлемінде 8,0 миллиард теңге берілген. Мысал ретінде, төрт жүз орындық мектеп құрылысына бір

жылда (бала саны толық болған жағдайда) 166,1 миллион теңге, сегіз жылда 1,3 миллиард теңге төленеді. Бұдан бөлек тағы әр баланың оқу құнына орташа 650,0 мың теңгеден бір жылға 260,0 миллион теңге, сегіз жылда 2,1 миллиард теңге беріледі. Облыстағы төрт жүз және алты жүз орындық жеке мектептердің орташа құны 682,6 миллион теңгені құрайды. Осылайша, құрылыс қаржысы сегіз жылда екі есеге дейін артық алып, төрт жылда жалпы құрылыс шығынын өтеуге мүмкіндік жасалған.

Осы өңірде алғашқылардың бірі болып жеке мектеп салған Мұрат Бақтиярұлы. Бүгінде «Orda school» жекеменшік мектептерінің желісі төртке жетті. Қызылорда қаласына қарасты Сабалақ саяжайындағы 400 орындық «Orda school-2» жеке мектебінің құны 520,0 миллион теңге. Танымал

тұлға бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2022 жылдың қыркүйегінде ашылған «Orda school-2» жекеменшік мектебін облыстық коммуналдық меншікке беру жөнінде шешім қабылдады. Бытырғы жылдың желтоқсан айының соңғы аптасында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен жеке мектеп ғимаратын сыйға тарту шарты бойынша екі жақты меморандумға облыстық білім басқармасы мен мектеп құрылтайшысы қол қойды.

Нұрлыбек Машбекұлы ел игілігі мен жас өрендеріміздің қолайлы әрі қауіпсіз ортада білім алу бағытында жасаған батыл қадамы және көрсеткен үлгі-өнегесі үшін жеке мектеп құрылтайшысы Мұрат Бақтиярұлына Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысын білдіріп, өңірде Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен жүзеге асқан ауқымды жобалар мен тың бастамалардың барысына тоқталды.

– Аймағымызда жас ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Соңғы жылдары біз бюджет қаржысының басым бөлігін әлеуметтік салаға, оның ішінде білім саласына бағыттадық. Білім беру саласына соңғы үш жылда 812 миллиард 245 миллион теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге қаралды. Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуі мен қаржы бұзушылықтардың алдын алуда нақты шаралар қабылданған. Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Облыстың аумағында алғашқылардың бірі болып, тәуекелге бел буып, қаржысын білім беру саласына салған Мұрат Бақтиярұлы ағамыз болатын, – деді ол.

– «Orda school» жекеменшік

мектептерінің бүгінгі саны төртеу. Біз де өз кезегімізде таза, шынайы жұмыс істейтін кәсіпкерлерді үнемі қолдап келеміз. «Сабалақ» саяжайы аумағы жыл сайын кеңейіп, халық саны артқанын ескерсек, «Orda school-2» жеке мектебінің перспективасы зор. Әрбір ата-ана баласының заманауи ғимаратта оқып, білімді болғанын қалайды. Бұған дейін жеке мектепте 336 оқушы тегін оқып келді. Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2023 жылдың қыркүйегінде ашылған «Orda school-2» жекеменшік мектебін облыстық коммуналдық меншікке беру жөнінде шешім қабылдады.

– Жас өрендеріміздің игілігі жолында жасаған батыл қадамыңыз үшін Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз! Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды міндет. Барша бастамаларыңызға сәттілік тілеймін және бірлесе жұмыс атқаруға шақырамын!, – деді Нұрлыбек Нәлібаев. Рас, әрбір ата-ана баласының заманауи ғимаратта оқып, білімді болғанын қалайды. Бұған дейін жеке мектепте үш жүзден астам оқушы тегін оқып келді. Енді бұл білім беру ұйымы №297 орта мектеп болып қайта құрылып, мемлекеттік мекеме ретінде жұмысын жалғастырады. Басқосу барысында «Orda school» мектебінің құрылтайшысы Қалқазбек Әжібеков, «Зерде» мектебінің құрылтайшысы Сейтқали Алшынбаев сөз сөйледі.

Нұрлан МЕРАЛЫ



«Үздік педагог» облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен ұйымдастырылған жыл қорытындысы шарасында «Үздік педагог» облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Бұл байқау елімізде 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде осы аймақтан республикалық кезеңнен – 41 педагог жеңімпаз атанса, 2025 жылы төрт ұстаз мәртебелі атақты иеленген еді.

Сонымен қатар алты мұғалім ұстаз облыстық кезеңде үздік деп танылып, қорытынды іс-шарада марапатталды және облыс әкімінің қолдауымен бір реттік сыйақы берілді. Кузбаева Лаззат Умаровна – М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы, педагог-зерттеуші. Мұстақұлов

Алмас Мырзабайұлы – №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-Инновация» лицей-интернатының тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Жарқын Батыр Жарқынұлы – С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-Инновация» лицей-интернатының информатика



пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. Абасилова Айман Жақановна – Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұ-

ғалімі, педагог-зерттеуші.

Сейтжаппарова Алима Мерекеевна – Қызылорда қаласы, «Алпамыс» бөбекжай-бақшасының әдіскері, педагог-сарапшы.

Еримбетова Роза Панабековна – Қызылорда қаласы, С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Балаларға қамқорлық жасалып, жатақханалар салынды

Өңір жетекшісі Марат Ахметжанов облыстың орталығы Көкшетау қаласындағы бірқатар маңызды әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. «Болашақ» оңалту орталығы мен көпбейінді облыстық балалар ауруханасына барған аймақ басшысы сондай-ақ, Ақан сері атындағы Көкшетау жоғары мәдениет колледжінің жаңа жатақханасын да аралап көрді.

«Болашақ» оңалту орталығында облыс әкіміне 1987 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан медициналық мекеменің қызметі таныстырылды. Орталықта он сегіз жасқа дейінгі неврологиялық аурулары бар балаларға кешенді стационарлық, стационарды алмастыратын, кеңес беру-диагностикалық және оңалту медициналық көмегі көрсетіледі. Мекеме елу екі тәулік бойы жұмыс істейтін төсек-орынға есептелген және жылына шамамен



3000 науқасты қабылдайды.

Жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтар жаңартылғаннан кейін көрсетілетін қызмет түрлері едәуір кеңейеді. Облыс әкімі орталықты

қызметтік көлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырды. Сондай-ақ ол көпбейінді облыстық балалар ауруханасының жұмысымен танысты. Медициналық

мекеме облыстың балалар тұрғындарына тәулік бойы мамандандырылған көмек көрсетеді. Аурухананың төсек-орын қоры 435 орынды құрайды. Аурухана

директоры Мұхтар Досхожин материалдық-техникалық базаның жағдайы, кадрлық қамтамасыз ету және көрсетілетін медициналық қызметтер туралы ақпарат берді.

Атап айтқанда былтыр жаңа жабдықтар, оның ішінде МРТ және рентген аппараттары сатып алынып, мамандар оқытудан өтті. – Ең заманауи жабдықтың өзі білікті кадрларсыз пайдасыз. Жаңа облыстық аурухана іске қосылғаннан кейін сапалы медициналық көмекпен қамту ауқымы кеңейіп, Көкшетау еліміздің солтүстік өңірлері тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің негізгі орталығына айналады, – деді Марат Мұратұлы.

Жұмыс сапарының соңында өңір жетекшісі Ақан сері атындағы Жоғары мәдениет колледжінің жатақханасын аралады. Жаңа нысан үш жүз орынға арналған, қажетті жиһаздармен және тұрмыстық техникамен толық жабдықталған. Өнер саласының студенттері мұнда бос уақытын тиімді өткізіп, сабаққа дайындала алады.

Аружан РАУАНҚЫЗЫ,
Көкшетау қаласы

Апатты мектептер мен орын тапшылығы жоқ

Мемлекеттік саясатты іске асыру, білім беру сапасын арттыру және оқу жағдайларын жақсарту мақсатында облыс аумағындағы білім беру нысандарын жөндеу мен жаңғырту бойынша кең ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Аймақта апатты білім беру мекемелері, үш ауысымды оқыту мәселелері, жаңа мектептердің салынуы, қолданыстағы ғимараттардың кеңейтілуі және кешенді жөндеу жұмыстарының жүргізілуі арқылы толық шешілді.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 оқу жылында он екі мың екі жүз орынға арналған 9 мектеп пайдалануға берілді, оның екеуі – облыс орталығында, 7-еуі – Целиноград ауданында. Нәтижесінде оқушы орындарының тапшылығы аталған ауданда сегіз есеге, ал Көкшетау қаласында 1,5 есеге азайды. Айта кету керек, Ақмола облысы ұлттық жоба аясындағы мектеп құрылыстарын алғашқылардағы бірі болып толық аяқтады.

Былтыр да білім беру нысандары салынды. Атап айтқанда: Сандықтау ауданындағы Петровка ауылында, Целиноград ауданының Жаңа жол ауылында, Біржан сал ауданының Бұланды ауылында сексен орындық мектептер, Көкшетау қаласындағы БИЛ, Степногорск қаласының Бестөбе кентінде, сондай-ақ Ақан сері атындағы Жоғары



мәдениет колледжіне арналған жатақхана бой көтерді. Сонымен қатар Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен Щучинск қаласындағы «ІТ лицей-интернат «Білім-Инновация» КММ жанынан 300 орындық интернаттың құрылысы аяқталуға жақын.

Апатты жағдайдағы мектептерді жою мақсатында Жарқайын ауданының Бірсұт ауылында сексен оқушыға есептелген мектептің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен «ҚазЦинк» ЖШС Көкшетау қаласының Бармашино ықшам ауданында бес жүз шәкіртті қабылдауға қабілетті жаңа мектептің құрылысы аяқталды. Өңір бойынша соңғы үш жылда 19 мың 220 орынға арналған жиырма төрт ағарту ошағы және бір мың алты жүз елу орынға арналған бес студенттер үйі бой көтерді.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында былтыр 28 мектеп пен екі балабақша, 1 қосымша білім беру ұйымы және колледж жатақханасы, Урюпинка ауылындағы «ба-

лабақша-мектеп-интернат» кешеніне қоса тағы бір сауықтыру орталығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Президент тапсырмасын іске асыру аясында аймақта облыстың әкімі Марат Ахметжановтың бастамасымен мектептерді кешенді жаңғырту мен жабдықтауды көздейтін үш жылдық реновация жоспары әзірленіп, бекітілді. Осы жоспарға сәйкес өткен жылы өңірдің 20 мектебі реновациядан өтті.

Қазіргі кезде облыс аумағында апатты жағдайдағы білім нысандары жоқ. Барлық мектеп қалыпты режимде жұмыс істейді және оқушыларға жайлы әрі қауіпсіз білім алу үшін қажетті жағдайлармен толық қамтамасыз етілген. Бұл балалардың тек бір немесе екі ауысымда оқуы үшін инфрақұрылымның шамадан тыс жүктелуіне жол бермей, тиімді оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Айнагүл БАЛТАШЕВА,
Ақмола облысы
білім басқармасының
басшысы

Лингвистика бойынша республикалық олимпиада жүлдегерлерінің үштігінде

Лингвистика бойынша 8–11-сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданың үшінші республикалық турының жеңімпаздары белгілі болды. Бұл олимпиаданың басты мақсаты: тәуелсіз еліміздегі дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау, қолданбалы лингвистика бойынша оқушылардың білімдерін жетілдіру және тереңдетуге бағытталған еді.

Біздің аймақтан осы олимпиадаға облыстық кезеңнің жеңімпаздары қатысты. Олар: Владимир Алибаев – Степногорск қаласындағы №4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 10-сынып оқушысы; Арсен Қуан – «Білім-Инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; Белла Сайгашева – Көкшетау қаласының №13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша жергілікті оқушыларымыз жоғары нәтижелер көрсетіп, №4 «Болашақ» облыстық маманданды-



рылған мектеп-лицей-интернатының оқушысы Владимир Алибаев жүлделі екінші орынмен марапатталды. Дарынды шәкірттер мен олардың шығармашылық жұмыстарына жетекшілік жасаған пән мұғалімдерін тағы бір биік белесті бағындыруларымен шын жүректен құттықтаймыз.

Ақмола облысы
білім басқармасының
баспасөз қызметі



БАЛМАДЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СТРАНА



2020

Қаңтар / Январь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Мамыр / Май						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
4	5	6	7	8	9	10
11*	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Қыркүйек/ Сентябрь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

Ақпан / Февраль						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	

Маусым / Июнь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

Қазан / Октябрь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26*	27	28	29	30	31	

Наурыз / Март						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24*	25*	26	27	28	29
30	31					

Шілде / Июль						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Қараша / Ноябрь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Сәуір / Апрель						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

Тамыз / Август						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31*						

Желтоқсан / Декабрь						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

* Мереке күндерін ауыстыру Егер мемлекеттік немесе ұлттық мереке демалыс күніне (сенбі, жексенбі) келсе, демалыс күндері бір күнге ұзартылады.

Мемлекеттік және ұлттық мерекелер, мейрам күндері ауыстыру

1-2 қаңтар – Жаңа жыл,
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз жексенбіден 9 наурыз дүйсенбіге ауыстырылады),
21-23 наурыз – Наурыз мейрамы (наурыздың 21, 22 сенбі мен жексенбі 24, 25 наурыздың сейсенбі мен серсенбіге ауыстырылады),
1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні,
7 мамыр – Отан Қорғаушы күні,
9 мамыр – Жеңіс күні (9 мамыр сенбіден 11 мамыр дүйсенбіге ауыстырылады),
6 шілде – Астана күні,
30 тамыз – Конституция күні (30 тамыз жексенбіден 31 тамыз дүйсенбіге ауыстырылады),
25 қазан – Республика күні (25 қазан жексенбіден 26 қазан дүйсенбіге ауыстырылады),
16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, **7 қаңтар** – православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады (ауыстырусыз), 2026 жылы Құрбан айттың бірінші күні **27 мамырға** тура келеді.
Анықтамалық ақпарат:
ҚР Еңбек кодексінің 85 бабының 3 тармағына сәйкес, мереке күндері кезінде жұмыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында Үкімет демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.

** Перенос праздничных дней В случае, если государственнй праздник выпадает на выходной день (суббота или воскресенье), то выходные дни продлеваются на один день.*

Государственные и национальные праздники, переносы праздничных дней

1-2 января – Новый год,
8 марта – Международный женский день (с воскресенья 8 марта переносится на понедельник 9 марта),
21-23 марта – Наурыз мейрамы (с субботы и воскресенья 21, 22 марта переносится на вторник и среду 24, 25 марта), **1 мая** – Праздник единства народа Казахстана,
7 мая – День защитника Отечества,
9 мая – День Победы (с субботы 9 мая переносится на понедельник 11 мая),
6 июля – День Столицы,
30 августа – День Конституции РК (с воскресенья 30 августа переносится на понедельник 31 августа),
25 октября – День Республики (с воскресенья 25 октября переносится на понедельник 26 октября),
16 декабря – День Независимости. Первый день Курбан-айта, отмечаемого по мусульманскому календарю, **7 января** – православное Рождество – являютсся выходными днями (без переносов). В 2026 году первый день Курбан-айта приходится на **27 мая**.
Справочная информация:
Согласно пункту 3 статьи 85 ТК РК в целях рационального использования рабочего времени в период праздничных дней Правительство вправе переносить выходные дни на другие рабочие дни.

ШЕТЕЛДІК ТАҒЫЛЫМДАМА

Білім берудегі ұтымды бастама

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың функционалдық, ғылыми және цифрлық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ халықаралық зерттеулер талаптарына сай құзыретті тұлға қалыптастыру өзекті бағыттардың бірі. Осы мақсатта біздің білім ордасының базасында ұйымдастырылған «Шетелдік тағылымдама: білім берудегі ұтымды бастама» тақырыбындағы қалалық семинар-практикумда педагогтерге арналған озық халықаралық және отандық тәжірибелер жүйелі түрде таратылды.



Данагуль КЕРЖИКЕЕВА,
№185 мектеп-гимназияның
директоры,
Алматы қаласы,
Алатау ауданы

Іс-шара модераторы болып бекітілген осы ұстаздар ұжымы жетекшісінің оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі Қали Ақыл Самарханұлы Халықаралық бағдарламаларды практикалық жобалаудың перспективалары мен нәтижелерін талқылады. Басқосудың барысында мектеп-гимназия директоры Данагуль Рысбаевна Жапония елінде тағылымдамадан өткен тәжірибесімен бөлісіп, осы шет мемлекеттің бастауыш, орта және жоғары мектептеріндегі білім беру жүйесіне шолу жасалып, оқушының дербестігін, жауапкершілігін және өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдер ұсынды.

Бұл тағылымды тәжірибелерді қазақстандық мектептерге бейімдеу жолдары көрсетіліп, оқу мазмұнын ықшамдау, тәжірибеге бағыттау және тәрбие мен оқытуды кіріктіру мәселелері сарапқа салынды. Семинарда PISA халықаралық зерттеу талаптарына сәйкес оқушылардың

ғылыми сауаттылығын дамыту жолдарына Сингапур елінде тағылымдамадан өтіп келген биология пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Келденев Қайрат Кадирбаевич шолу жасады. Сабақтарда өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды қолдану, деректермен жұмыс істеу, дәлелдеу және қорытынды шығару дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы көрсетілді.

Бұл бағытта мұғалімдерге практикалық тапсырмалар үлгілері ұсынылып, тәжірибе алмасу жүргізілді. Жиынның тәжірибелік бөлімінде Оңтүстік Корея, Жапония және Сингапур елдерінде тағылымдамадан өтіп келген педагог-зерттеушілер математика пәнінің мұғалімі Ауэлбекова Гавхар Умурбековна және физика пәнінің мұғалімі Назар Нургиз Ержанқызы STEM оқыту технологиясын қолдану арқылы пәндер



арасындағы кіріктірудің тиімді үлгілерімен таныстырды. Тәжірибелік алаңдағы семинар қатысушыларымен катапульта моделін жасау арқылы STEM тәжірибесі ұйымдастырылды.

Практика үдерісінде: теория тәжірибемен ұштастырылды; модель құрастырылып, өлшеу және есептеу жүргізілді; математикалық, физикалық заңдылықтар тәжірибе арқылы дәлелденді. Ал жасанды интеллектті білім беру үдерісінде қолдану мәселелерін аударандық «Педагогикалық идеялар фестивалі» жүлдегері информатика пәнінің мұғалімі Нургизаринов Алмат Асыланбекович өзінің мектептік басқару хабы

мысалында қарастырды.

Сондай-ақ Эстония, Финляндия және Швеция елдерінде тағылымдамадан өткен мектеп психологы Базарғалиева Назерке Әсемханқызы антибуллингтік бағдарламалар мен суицидтің алдын алу тәжірибелерімен таныстырды. Мектептегі психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастырудың маңыздылығы айтылып, мұғалімдерге нақты алдын алу шаралары мен әдістемелік ұсыныстар берілді. Қатысушылар ұсынылған тәжірибелерді қызмет атқаратын мектептерінде қолдану мүмкіндіктерін талқылап, әдістемелік қоржынын маңызы зор мәліметтермен толықтырды.

КӨШБАСШЫЛЫҚ

Ұстаздық жол – ұлы көш

Кіндік қаным тамған мәуелі мекендегі орта мектепті 1984 жылы бітірген кездегі ең басты арманым – мұғалім болу еді. Ақтау қаласындағы педагогикалық училищенің мектепке дейінгі тәрбие факультетіне осы мақсатпен оқуға түсіп, 1987-1989 жылдары аралығында оқып шықтым. Жаңаөзен қаласындағы №16 «Салтанат» балабақшасында 1989-1991 жылдары тәрбиеші болып қызмет атқарып, 1990-1995 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық университеттің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын игердім.



Калдыбике БАТЫРОВА,
Сүгір Бегендікұлы
атындағы
№94 жалпы білім беретін
мектептің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Ыбырай Алтынсарин
төсбелгісінің иегері,
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

1991 жылдан бері жергілікті өңірдің орта мектептерінде таңдаған пәнімнің мұғалімі ретінде абыройлы қызмет етіп келемін. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі еңбек жолым – қызығы мен қиындығы қатар жүретін жол. Оған ешқандай өкінбеймін, себебі бұл менің мыңдаған кәсіптердің арасынан шын жүрегіммен қалаған мәртебелі мамандығым. Көптеген жетістіктерге жеттім, қазір мыңдаған шәкірттерім таңдаған түрлі кәсіптің иесі, барлығымен әрдайым лайықты мақтанамын.

Арада өткен қырық жылдан соң туып-өскен жерім Қызылсай ауылындағы тағылымға

толы терең тарихы бар жалпы білім беретін білім ордасының директоры лауазымына алдыңғы жылы тағайындалдым. Оған дейін шағын шаһардағы қаладағы бірнеше ұйымшыл ұстаздар ұжымының жетекшісі қызметін адал атқарғаным әріптестеріме аян. Ауыл – маған әрдайым ыстық ұя және өскен жерім. Білім – барлық аумаққа ортақ. Бұл мектепте 166 мұғалім жұмыс істейді және бір мың төрт жүздей шәкірт бар.

Барлығы дерлік білімді әрі өнердің қай жағынан да болсын дарынды оқушылардың саны көп, түрлі жетістіктері жыл сайын толығымен оқушылар спорттық жарыстарға белсене қатысып, қала, облыс, республика және халықаралық деңгейдегі дүбірлі додалардан жинаған олжасы мол. Білімі және біліктілігі бойынша биік белестерді бағындыра білген пән мұғалімдері де жетерлік. Көшбасшылығымен танылған әріптестердің мерейі зор.

Әрбір адамның толған тақырыптағы маңызды мәселе бойынша жеке көзқарасының қалыптасуы заңдылық. Осы орайда мұғалімдердің қызметі мәртебесіне лайықты болуы қажеттілігін қос қолымен қолдайтындардың қатарындамын. Өйткені әрбір педагог кез келген педагогикалық жағдайды білімі мен біліктілігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеті, іскерлігі, шеберлігінің нәтижесінде нақты

әрі жедел шеше алатын, сапалы білім мен саналы тәрбие берудің ұтымды үрдістерін заман талабына сай жақсартуға ұмтылатын тұлға болу керек.

Қазіргі жас ұрпақ біздің заманымыздың балаларындай емес, асқақ арманда жүреді. Олар қазіргі ақпараттық қоғамның жылдамдығымен тез даму үстінде. Және әлеуметтік желілерде кездесетін барлық дүниелерді жедел меңгеруге бейім. Өрине, баланың

лым негізін өмір бойы қоғамда болсын, шәкірттеріне болсын, дәріптеуші, жеткізуші ретінде танылса, үнемі шәкірттерімен байланысын берік бекемдеу арқылы ізденімпаздық танытқан, әрбір баланың арманы мен болашағына зор сенім артқан жол сілтеуші қасиетімен даралануы тиіс. «Жас шыбықты қалай исең, солай майысатыны» сияқты, баланы жас кезінен тәрбиелеуіміз қажет. Ұлағатты ұстаздар қай кезде де ойып алар орны бар, әлеуметтік ортаны қалыптастырушы саланың майталман мамандары.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барша отандастарымызға арнаған былтырғы Жолдауында жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударды. Жасанды интеллект технологиясы өмірдің әртүрлі салаларына, соның ішінде білімге белсенді түрде ене бастады. Оқу үдерісінде тиімді қолдануға қызығушылық күн сайын артып келеді. Бұл жүйе дұрыс деңгейде дамыса, білім сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктердің ашылары анық.

Заманына қарай не талап қойылса, солай қарай көш басын бұруға болады. Бірақ білім беру саласы есепсіз еркіндікке бағынбайтындығымен ерекше. Мемлекетіміздің арнайы құқықтық заңы бар, түрлі талаптар ережелердің негізінде ресми түрде бекітілген. Тағылымды тәжірибелердің негізінде тиімділігін дәлелдеген әдіс-амалдар толып тұр. Адамзаттың алыбы атанған хәкім ақын Абай Құнанбаевтың мына өлең шумағын – өмірлік еңбек жолымның ұраны ретінде бағалаймын:

«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға...».



бақытты ғұмырына пайдалы әрі азық болатын мақсат пен қиялдарға қол созғаны дұрыс. Бұрынғы шәкірттердің оқуға құштарлығы жоғары еді. Дәстүрлі білім мен қазіргі жүйенің арасында айырмашылық көп...

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы, ұстаз болу – сезімнің ақылдығы», – деп Ғафу ақын Қайырбеков айрықша атап айтқандай, ұстаз – білім, ғы-

ОҚУШЫ МОТИВАЦИЯСЫ

Ішкі күшті оятудың жолдары

Мотивация – оқушының оқу әрекетін басқаратын ең қуатты ішкі механизмдердің бірі. Осы саладағы жиырма бір жылдық тәжірибемде байқағаным: баланың оқу үлгерімі көбіне қабілетке емес, ішкі ынтасына, өзін-өзі дамытуға деген құлшынысына байланысты. Сондықтан мектеп психологы үшін баланың мотивациясын қалыптастыру – ең өзекті бағыттардың бірі.

Қазіргі жасөспірімдер ақпараттық жүктеменің, жоғары талаптың, қоғамдағы жылдам өзгерістердің ортасында өсіп келеді. Осындай жағдайда оқу мотивациясының төмендеуі – қалыпты құбылыс. Бірақ оны уақытында анықтап, дұрыс бағыт беру – педагогикалық ұжымның міндеті. Мотивацияны арттырудың ең тиімді жолдарының бірі – оқушыны жетістікке жеткізетін шағын қадамдар жасауға үйрету. «Күн сайын бір сөз ғана алға жылжу» принципі балаға өзін табысты сезінуге мүмкіндік береді.

Бұл өз кезегінде өзін-өзі бағалауды көтеріп, оқуға деген қызығушылығын арттырады. Жасөспірімдермен жұмыс барысында байқаған тағы бір жайт – сыртқы ынталандыру (баға, марапат, мақтау) уақытша ғана әсер етеді. Нағыз нәтижеге жеткізетін – ішкі мотивация. Ол бала өз еңбегінің мағынасын түсінгенде, оқу оның өміріне қажет екенін сезінгенде қалыптасады. Сондықтан психологтың міндеті – оқушыға: «Мен оқу үшін оқымаймын, өз болашағым үшін оқимын», – деген түсінікті қалыптастыру.

Мотивацияның дамуына қолайлы орта да ерекше әсер етеді. Мұғалім тарапынан қолдау, ата-ананың сенімі, құрдастар арасындағы оң қарым-қатынас – бәрі бірге оқушының ынтасын күшейтеді. Мұндай ортада бала қателесуден қорықпайды, мақсат қоюға және оған жетуге батыл қадам жасайды. Қорытындылай келе, мотивация – дайын берілетін нәрсе емес, дамытылатын дағды. Оқушының ішкі күшін ояту – уақыт пен еңбекті талап ететін процесс. Дегенмен, баланың бойына сенім, мақсат қою, еңбектің маңызын түсіну сынды қасиеттерді дұрыс бағытпен сіңіре алсақ, оның болашағы да, тұлғалық дамуы да жарқын болары сөзсіз.

Асел АБДЕШОВА,
Ә.Молдағұлова атындағы
орта мектептің
педагог-психологы,
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Шелек ауылы

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ МЕНЕДЖМЕНТ

Современные подходы в управлении дошкольной организацией

В условиях обновления содержания образования и цифровизации важным становится внедрение современных методов управления в дошкольных организациях. Эффективное управление – это не только административный контроль, но и создание благоприятной среды для развития детей, поддержки педагогов и взаимодействия с родителями.

Основная часть:

1. Современные модели управления:

- демократичность и партнёрство в управлении;
- работа в команде, развитие педагогической инициативы;
- прозрачность и подотчётность всех процессов.

2. Цифровые инструменты управления:

- электронный документооборот;
- использование платформы Ustaz, системы Kundelik;
- онлайн-мониторинг, развитие цифровой грамотности.

3. Оценка качества образовательного процесса:

- внутренняя и внешняя оценка качества услуг;
- обратная связь с родителями;
- ведение портфолио, диагностика достижений воспитанников.

4. Развитие педагогического коллектива:

- поддержка профессионального роста (курсы, семинары, наставничество);
- внедрение инноваций и обмен опытом;
- работа в соответствии с обновлённым содержанием образования.

5. Партнёрство с родителями.

Современное управление дошкольной организацией невозможно без активного взаимодействия с семьёй. Родители рассматриваются как равноправные участники образовательного процесса. Важным направлением является выстраивание открытого диалога, основанного на доверии и сотруд-

ничестве. Для этого используются различные формы работы: родительские собрания, индивидуальные консультации, мастер-классы, анкетирование, а также цифровые каналы связи (мессенджеры, электронные платформы, социальные сети).

Современный руководитель создаёт условия для вовлечения родителей в жизнь дошкольной организации: участие в проектах, мероприятиях, обсуждении образовательных программ и условий развития детей. Обратная связь позволяет своевременно выявлять запросы семьи, учитывать мнение родителей при принятии управленческих решений и повышать качество предоставляемых услуг. Особое внимание уделяется педагогическому просвещению родителей, формированию у них понимания целей и задач дошкольного образования в условиях обновлённого содержания.

Таким образом, современные подходы в управлении дошкольной организацией направлены на повышение качества образования, создание комфортной и безопасной среды для детей, развитие профессионального потенциала педагогов и укрепление партнёрских отношений с родителями. Эффективный руководитель сегодня – это не только администратор, но и лидер, способный вдохновлять коллектив, внедрять инновации и гибко реагировать на изменения в системе образования.

Использование цифровых инструментов, демократических моделей управления, системы оценки качества и непрерывного профессионального развития педагогов позволяет дошкольной организации успешно функционировать в условиях современных вызовов. Комплексный подход к управлению способствует устойчивому развитию учреждения и обеспечивает гармоничное развитие личности ребёнка, что является главной целью дошкольного образования.

Нургул ШУГАЕВА,
заведующая детского сада №42 «Айналайн»
г. Актобе

ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Когда искусство становится языком детства

Подготовительные классы художественной школы – это особый этап в подготовке к дальнейшему углублённому обучению изобразительного искусства. В этот период важно научить ребёнка чувствовать, мыслить, создавать и выражать себя через искусство.

Работа в подготовительном классе строится на основе комплексной программы «Художественно-декоративное творчество и пластика», которая объединяет три взаимосвязанных направления: рисование, лепку и декоративно-прикладное искусство. Ребёнок может выразить через линию, цвет, форму или объём предметы, передать пространство, правильно отобразить пропорции, создать сюжетную композицию.

Программой предусмотрено знакомство с правилами пропорции фигуры человека, иллюстрации литературных произведений, изображение фантазийных миров, передача абстрактного состояния, а главное, умение найти прекрасное в окружающей среде. Интересны современные приёмы нейро-арт, дудлинг, оммаж, использование ИИ как источника идеи, позволяющие соединить традиционное искусство и язык поколения Next.



Хорошо закрепляют изобразительные навыки занятия лепкой, которые развивают моторику рук, помогают видеть и передавать видимое в объём и форму.

При создании объёмных форм животного мира формируются начальные навыки в передаче пропорций, способность замечать характер анатомии животного, особенности растительного мира.

Через декоративно-прикладное искусство ребёнок входит в мир традиций и культуры. Квиллинг, папье-маше, батик, войлоковалание, роспись, бумагопластика – это не просто

техники, а способы почувствовать ритм и симметрию, понять язык орнамента, прикоснуться к культуре народов мира и Казахстана. Работа с вторичным использованием материалов формирует в детях ответственное и бережное отношение к окружающей среде, учит видеть красоту в простых вещах.

Создавая мандалы, юрты, декоративную посуду или сувениры, дети осознают, что искусство – часть повседневной жизни, национальной идентичности.

Художественно-декоративное творчество – это воспитание думающей, чувствующей, культурной личности, способной видеть красоту мира, сохранять связь с традициями. Особенностью является создание ситуации успеха, опора на индивидуальные возможности ребёнка и формирование устойчивой мотивации к дальнейшему обучению в художественной школе.

Именно поэтому подобные программы становятся не дополнением к образованию, а его ценностным ядром, где искусство говорит с ребёнком на самом важном языке – языке творчества.

Рубина ДЖУМАБАЕВА,
педагог дополнительного образования ГKP на ПХВ
«Детская художественная школа»
г. Астана



МАЛОКОМПЛЕКТНАЯ ШКОЛА

Цифровой наставник для сельского класса: как один сайт меняет уроки алгебры

Работа в малокомплектной школе – это всегда искусство индивидуального подхода. Когда в одном классе могут находиться и учащиеся 8 класса, повторяющие основы, и девятиклассники, готовящиеся к экзамену, вопрос организации учебного процесса стоит особенно остро. Опыт применения авторского учебно-методического комплекса algebra8.kz на уроках алгебры в таких условиях доказал: современные цифровые ресурсы способны стать не просто помощником, а полноценным соавтором эффективного образовательного процесса.



Екатерина РЫБИНОК,
учитель математики и физики, руководитель школьного методического объединения учителей естественно-гуманитарного цикла КГУ «Алчановская основная средняя школа отдела образования Денисовского района»
УО Костанайской области

Что же представляет собой этот комплекс? Это не просто сборник задач в электронном формате. Это глубоко продуманная экосистема, где каждый элемент связан с другим: чёткая теория, разбитая на логические блоки, интерактивные практические задания с мгновенной проверкой, подробные видеоуроки и контрольные модули. Для учителя малокомплектной школы такая

структура – находка. Она позволяет легко создавать персонализированные образовательные маршруты. Пока один ученик с помощью наглядного видео разбирает новую тему в своём темпе, другой отрабатывает сложную тему на заданиях продвинутого уровня, а третий в это время проходит тематический тест, получая оценку объективно и сразу. Педагог превращается в мудрого наставника, который может уделить время точечной помощи, разъяснить сложный момент или провести мотивирующую беседу.

Особую, неочевидную роль ресурс играет в период подготовки к итоговой аттестации. Система сама помогает выявить пробелы в знаниях каждого конкретного

ученика и предлагает материалы для их устранения, отслеживает прогресс каждого школьника по индивидуальной траектории.

<https://algebra8.kz/> – это яркий пример того, как цифровой инструмент стирает границы. Опыт применения авторского учебно-методического комплекса algebra8.kz на уроках алгебры показал: современные цифровые ресурсы могут стать незаменимым помощником. Использование комплекса algebra8.kz – наглядный пример того, как грамотно подобранный цифровой инструмент стирает географические и кадровые ограничения, давая детям из малокомплектных школ доступ к качественному, современному образовательному контенту.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру



Қазіргі жаһандану кезеңінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы білім беру сапасына тікелей байланысты. Сол себепті білім алушылардың тек пәндік білімді меңгеруі жеткіліксіз, оларға алған білімдерін өмірде қолдана алатындай деңгейге жетуі маңызды. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін күнделікті өмірлік жағдайларда тиімді пайдалана алуы, жаңа жағдайларға бейімделуі, ақпаратты талдап, шешім қабылдап, өз ойын еркін жеткізе білуі, тиімді әрекет етуі.

**Жангуль МЫРЗАЛИНА,
№47 жалпы білім
беретін орта мектебі,
Ақтөбе қаласы**

Бұл білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесінің өзектілігін арттырады. Осыған орай алған білімдерінің негізінде әрекет ету қабілеті мен дайындығын білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру – үздіксіз

білім беру жүйесінің маңызды буыны болып табылатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың басым бағыттарының бірі болып есептеледі. Оқушылар практикалық жұмыстар арқылы жаңалықтарды ашуға қадам жасайды. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының құзыреттіліктерін тапсырмалар және зерттеу жобалары арқылы жүзеге асыруға болады.

Мысалы, география сабақтарында функционалдық дағдыларды қалыптастыру – бұл графиктер мен диаграммаларды талдау, статистикалық деректерді өңдеу және тест тапсырмаларын орындау арқылы оқушының ойша талдау және біріктіру негізінде белгілі бір ойлау дағдыларын дамытуға болады. География бойынша оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыруға үлкен көмек: бірқатар

географиялық ұғымдардың анықтамаларын оңай түсіну; өз бетінше интерпретация жасау; қажетті сандық деректерді өздігінен табу және есте сақтау; графиктер мен диаграммаларды құру және оларды оқи білу дағдыларын дамыту.

Графиктер қандай да бір құбылыстардың динамикасын ашып көрсетсе, диаграммалар табиғи нысандардың (табиғи аймақтар, материктер және тағы да басқалар), өнеркәсіп өндірісі салаларының, өндірілетін өнімнің, халықтың ұлттық немесе жыныстық құрамының және сол сияқтылардың үлес салмағын айқын көрсетеді. Басқаша айтқанда, бұл құралдар оқушылардың салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ

Балабақшадағы ойынның маңызы

Біздің балабақшада басты құндылық – бұл бала, оның білімі, іскерлігі мен дағдылары. Әрбір бала – қайталанбас, ерекше тұлға, ол сүйіспеншілікке, қамқорлыққа және назарға лайық. Біз балалардың қауіпсіздігін, оларды қолдауды, толы ортада өсуін қамтамасыз етеміз. Осындай жағдайда ғана олар есейе келе, жүрегінде балалық шақтың бір бөлшегін сақтап, шынайы бақытты бола алады.



**Айя БЕКТЕМБАЕВА,
№1 «Арман» бөбекжайының
педагог-психологы,**



**Алтын СМАИЛОВА,
тәрбиеші,
Абай облысы, Семей қаласы**

Балалар балабақшаға келіп, дамып өседі, ал психолог пен тәрбиеші олардың дамуын бақылап, оқу жылының басында, аралығында және соңында диагностика жүргізеді. Осы диагностика жұмысына арнап біздің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру орталығының бірнеше психологиялық қызметі бірнеше әдістемелік құралдар әзірледі: баланың даму паспорты «Мен дамып келемін» және 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған «Даму

диагностикасы» атты әдістемелік құрал.

Сонымен қатар «Кел, ойнайық!» атты авторлық әдістеме балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Диагностиканың нәтижелері мен баланың даму ерекшеліктері туралы әрбір ата-ана психологпен жеке кездесу арқылы толық ақпарат алып, қажетті кеңестер мен ұсынымдар ала алады. «Кел, ойнайық!» авторлық бағдарламасы балабақшаның күн тәртібіне балалармен дамытушы және түзету жұмысын қамтитын ойын-жаттығулары енгізілген. Бағдарламада әртүрлі психокоррекциялық жаттығулар қарастырылған.

Олар мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады: ойын терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, арт терапия. Бағдарлама келесі міндеттерді шешуге бағытталған: тұйық, ұялшақ балаларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, құрдастар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту, балалардың үрейі мен қорқыныштарымен жұмыс істеу, гипербелсенді балаларға қолдау көрсету, өзін-өзі бағалауды және сенімділікті арттыру, баланың «Мен» тұжырымдамасын (жағымды көзқарасын) қалыптастыру, мінез-құлықтағы ауытқуларды түзету.

Бұл балалардың эмоционалдық жай-күйін жақсартып, психологиялық қанағаттану әкеледі, бұл өз кезегінде бағдарламаның тиімділігі мен табысты болуын қамтамасыз етеді. Күтілетін нәтижелер: біздің бөбекжайдың базасында шеберлік сабақтарын, семинарларды, оқыту курстарын ұйымдастыру; әдістемелік құралдар, жұмыс дәптерлері, ұсынымдар, мақалалар мен шығармашылық альбомдар шығару; балалардың танымдық қызығушылығы, белсенділігі, эмоционалды жауапкершілігі қалыптасады; түлектер мектепке қажетті дағдыларды, қарым-қатынас және өзара әрекет ету тәсілдерін меңгеріп шығады.

Психологтың балабақшадағы рөлі зор – оның қолында балалардың психикалық саулығы мен үйлесімді дамуы. Себебі балалар күннің көп бөлігін дәл осы жерде өткізеді. Алайда, психолог медицина мен арнайы педагогика саласына жататын қызметтерді атқармайтынын және атқармауы керектігін есте ұстауы қажет. Қажет болған жағдайда, ол ата-аналарға педиатр, балалар невропатологы, логопед, дефектолог секілді мамандарға жүгінуді ұсынады немесе сол мамандармен бірлесе жұмыс атқарады.

№1 «Арман» бөбекжайының психологиялық қызметінің негізгі функциялары: ақпараттық функция – мамандандырылған мәліметтерді педагогтер мен ата-аналарға ұсыну; диагностикалық функция – балалардың жеке және жас ерекшеліктерін, мектепке дайындығын анықтау; профилактикалық функция – балалардың үйлесімді дамуына жағдай жасау, олардың психикалық денсаулығын сақтау; дамытушы және түзету функциясы – балалардың психологиялық мәселелерін шешуге көмек көрсету.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Заманауи бастауыш сынып мұғалімінің басты құзыреті

Қазіргі қоғам – технологияның, ақпарат пен цифрлық жүйенің дәуірі. Білім беру саласы да осы заман ағымынан қалыс қалған жоқ. Әрбір мұғалім, әсіресе бастауыш сынып ұстазы, жаңа технологияларды меңгеріп, оны сабақта тиімді қолдана білуі – уақыт талабы. Себебі бүгінгі баланың қызығушылығы мен ойлау қабілеті бұрынғыдан өзгеше. Олар ақпараттық ортада өсіп келеді. Сондықтан оқушының танымына сай оқыту тәсілін таңдаудың ең тиімді жолы – цифрлық сауаттылықты арттыру.



**Айзат БАЛТАМУРАТОВА,
Т.Әубәкіров атындағы
негізгі орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі,
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы,
Жалғызтал ауылы**

Бастауыш сыныпта цифрлық бағдарламаларды қолдану арқылы сабақтың мазмұнын байытып, баланың білімге деген ынтасын күшейтуге болады. Мен өз тәжірибемде Quiver, Animated Drawings, Wordwall сияқты бағдарламаларды қолданып келемін. Осы құралдар сабаққа ерекше серпін беріп, оқушылардың белсенділігін арттырып, оқыту процесін қызықты ойын түріне айналдырады. Сондықтан бұл мақаланың негізгі мақсаты – цифрлық сауаттылықтың бастауыш сынып мұғаліміне не үшін маңызды екенін және осындай бағдарламалардың сабақтағы тиімділігін көрсету.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы. Соңғы жылдары елімізде білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырады. Қашықтан оқу, онлайн сабақтар, электронды күнделік, цифрлық платформалар – бәрі де білім

саласының жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді. Осындай өзгерістер мұғалімге жаңа талаптар жүктейді. Енді мұғалім тек білім беруші емес, цифрлық технологияларды тиімді пайдалана алатын, оқушыларды ақпараттық ортада бағыттайтын тұлға болуы керек. Бұрын сабақ кезінде кітап, тақта, дәптер ғана қолданылса, бүгінде компьютер, планшет, интерактивті тақта, түрлі қосымшалар – мұғалімнің негізгі көмекшісіне айналды. Цифрлық құралдарды дұрыс қолданған жағдайда, сабақ тек ақпарат берудің құралы емес, оқушының шығармашылығын дамытатын, оның өмірлік құзыреттерін қалыптастыратын ортаға айналады.

Мұғалімнің жаңа рөлі. Заманауи мұғалім – тек білім жеткізуші емес, ақпарат әлемінде бағыт беруші. Бұрын ұстаз «мен үйретемін» десе, қазір «мен бағыттаймын, үйренуге мүмкіндік жасаймын» деген көзқарас басым. Бұл – білім берудегі маңызды өзгеріс. Цифрлық дәуірдегі мұғалімнің рөлі бірнеше бағыттан тұрады. *Технологияны меңгерген маман.* Мұғалім ақпараттық технологияларды білуі, оларды сабақта қолдана алуы керек. Мысалы, Wordwall арқылы грамматикалық жаттығуларды ойын түрінде өткізуге, Quiver арқылы боялған суреттерді 3D форматта жандандыруға болады.

Шығармашылық жетекші. Мұғалім оқушыға дайын білім бермейді, керісінше, ізденуге, зерттеуге, өз бетімен әрекет етуге үйретеді. *Тәрбиелік бағыт беруші.* Цифрлық ортада оқушылардың әдепті, жауапты болуына, ақпаратты дұрыс қолдануына бағыт береді. *Мотивация тудырушы тұлға.* Бастауыш жастағы бала үшін сабақ қызықты болуы шарт. Сондықтан мұғалім технологияны қызықты формада ұсынып, баланы белсенді қатысуға итермелеуі қажет. Қорыта айтқанда, цифрлық дәуірдегі мұғалім – жаңа форматтағы, жаңашыл ойлайтын тұлға. Ол цифрлық құралдарды меңгеріп қана қоймай, оны тәрбиелік, дамытушылық мақсатта тиімді қолдана біледі.

Оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары. Цифрлық технологиялар сабақ мазмұнын түрлендіреді. Бастауыш сыныптағы әрбір оқушы ойын, бейне, сурет арқылы жақсы қабылдайды. Сондықтан Quiver, Animated Drawings, Wordwall сияқты бағдарламалар білімді баланың өмірімен байланыстырып, оны нақты әрекетке жетелейді. Quiver бағдарламасы – боялған суреттерді 3D бейнеге айналдыратын құрал. Балалар өз қолымен бояған суреттерін телефон арқылы «жандандырып», қозғалысқа келтіргенде ерекше әсер алады. Animated Drawings – оқушылардың салған суреттерін қозғалысқа келтіретін қызықты бағдарлама.

КӘСІПОДАҚ ЖАСТАРЫ

Жылдық жұмыс қорытындыланып,
алдағы жоспар айқындалды

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Раушан Серікова жергілікті жастармен кездесті. Маңызды жиынға Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы ұйымының Ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы Ернар Иманбаев, Ақтөбе облысы кәсіподақтар орталығының келешек Жастар кеңесінің төрағасы Адина Акқағаз, аудандық кәсіподақ ұйымдары жанынан құрылған Жастар кеңестерінің төрағалары, жоғары оқу орындарының, кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің және облыстық мектептердің жас мамандары қатысты.

Кездесу барысында облыстық ұйым төрағасы Раушан Серікова облыстық кәсіподақ ұйымының атқарған жұмыстарына кеңінен тоқталып, жастарға көрсетіліп отырған қолдау шараларын ерекше атап өтті. Сонымен қатар кәсіподақтың жастар саясаты аясында жүзеге асырылып

жатқан бастамалар мен алдағы мақсаттар туралы баяндады. Жиында 2026 жылға арналған жұмыс жоспары таныстырылып, жастардың белсенділігін арттыруға бағытталған нақты міндеттер айқындалды.

Жиынға қатысқан Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары



білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы ұйымының Ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы Ернар Иманбаев кәсіподақ жүйесіндегі жастарға берілетін мүмкіндіктер, олардың кәсіби

және қоғамдық тұрғыда дамуына жасалып отырған жағдайлар туралы айтты. Кездесу барысында жастар да сөз алып, өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Олар кәсіподақ жұмысы-

на белсенді араласу, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және өңірлік деңгейде тәжірибе алмасу мәселелерін көтерді.

Өз кезегінде Мұғалжар және Байғанин аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының жанынан құрылған Жастар кеңесінің төрағалары ауданда өткізілген іс-шаралар туралы баяндап, жастардың бастамаларын қолдаудың маңыздылығына тоқталды. Жиын соңында дауыс беру қорытындысы бойынша облыстық ұйымның жанындағы Жастар кеңесінің төрағасы болып Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің оқытушысы Ерасыл Әжбенев сайланды.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі

ЕҢБЕКШІ ӘЙЕЛДЕР КОМИССИЯСЫ

Жыл қорытындысы мен
жаңа жоспарлар

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің жанындағы Еңбекші әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы 2025 жылдың қорытындысын шығарып, алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспарларын таныстырды. Іс-шараға аудандық Еңбекші әйелдер ісі жөніндегі комиссия төрағалары мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Жиында облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Раушан Серікова өткен жылы атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталып, негізгі жетістіктерді атап өтті. Облыстық ұйым төрағасы еңбекші әйелдердің бастамаларын қолдауға бағытталған жобаларға, кәсіподақтың әлеуметтік бағдарламалары мен оқыту шараларына ерекше назар аударды. Сонымен қатар кәсіподақ ұйымының алдағы мақсат-міндеттерін айқындап, 2026 жылға арналған нақты жоспарлармен бөлісті.

Жиын барысында «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің са-

лалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бас маманы Индира Сақауова сөз сөйлеп, еңбекші әйелдерге арналған жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Еңбекші әйелдер ісі жөніндегі комиссия төрағасы Жұмагүл Жұмабаева комиссия жұмысының маңызын атап өтіп, әйелдердің кәсіби және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған қолдау шаралары жөнінде тілге тиек етті.

Жиын барысында комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ 2026 жылға арналған жұмыс жоспары таныстырылып, ұйым қызметін жетілдіруге бағытталған басым бағыттар белгіленді. Айта кетейік, кәсіподақ ұйымының жылдық қорытындысы мен жаңа жұмыс жоспары қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, әйелдер бастамаларын қолдауға, сондай-ақ олардың әлеуметтік және құқықтық мүдделерін қорғауды одан әрі нығайтуға бағытталған. Жиын соңында қатысушылар алдағы жылға арналған жоспарлар мен міндеттерді нақтылап, өзара тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі



БАСТАУЫШТАҒЫ БІЛІМ САПАСЫ

Халықаралық тағылымдама және
каскадты оқыту

Бүгінгі таңда біздің қала бойынша бастауыш білім беру жүйесін жаңғырту, оқыту сапасын арттыру бағытында кешенді, жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл саладағы әрбір өзгеріс пен талап, ең алдымен, оқушының білімін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Шаһарды 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы аясында қазақстандық білім беру жүйесіне әлемдік үздік тәжірибелерді интеграциялау, TIMSS және PIRLS халықаралық зерттеулері талаптарына сәйкес, оқушылардың математикалық және жаратылыстану сауаттылығын дамыту, цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінен жетекші педагог-тренерлер даярлау мақсатында былтырғы қазан айының 5-14 күндері аралығында Сингапур мемлекетінде 30 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Бұл елдегі білім беру жүйесі әлемдегі ең тиімді жүйелердің бірі болып саналады. Негізгі ерекшелігі –

оқу үдерісінің жоғары стандарты, қатаң тәртіп және оқушының қабілетіне бағытталған оқыту.

Мұғалімдерді даярлау жүйесі өте мықты: педагогтер үздіксіз оқудан өтеді және жоғары кәсіби талаптарға сай жұмыс істейді. Нәтижесінде оқушылар халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінде үнемі жоғары көрсеткіш көрсетеді. Тағылымдама шеңберінде Сингапурдың Халықаралық оқушыларды бағалау бағдарламасындағы (PISA) жетістігі, Сингапурдегі мектептерді қаржыландыру жүйесі, мұғалімдер оқушыларды қалай ынталандыруға болады, бастауыштағы оқу сауаттылығын арттырудың маңыздылығы, ғылымды оқыту, STEM-білім берудегі ерекшеліктер тақырыбында шебер-сыныптар жүргізді.

Сонымен қатар Сингапурдағы St. Stephen's School Сент-Стивен мектебі (тек ұлдар мектебі) және Greendale Primary School мемлекеттік мектептерінің білім берудегі ерекшеліктерімен таныстық. Жалпы Сингапурда бастауыш білім (Primary) – 6 жыл. Бұл кезеңде оқушылардың негізгі оқу, жазу, есептеу және ойлау дағдылары қалыптасады. Содан кейін, орта білім (Secondary) – 4-5 жыл. Оқушылар қабілетіне қарай түрлі бағыттарда оқиды. Secondary

Schools (4 жыл) – жалпы орта білім. Орта мектепті аяқтағандар GCE O-Level немесе IGCSE емтихандарын тапсырады.

Жоғары оқу алдындағы кезең (Post-secondary). Орта білімнен кейін оқушылар бірнеше бағыттың бірін таңдай алады. Junior College (JC) – 2 жылдық бағдарлама, соңында GCE A-Level немесе International Baccalaureate (IB) тапсырады. Атап өтетіні, Specialized және Private schools – ерекше қабілетті немесе арнайы қажеттіліктері бар балаларға арналған мектептер бар екені қызықтырды.

Каскадты оқыту педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, заманауи білім беру талаптарына сай жүйелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндік беретін тиімді модель. Бүгінгі күні күзгі және қысқы каникулдық мектеп аясында ұйымдастырылған каскадты оқыту курс-практикумына үш мыңға жуық бастауыш сынып мұғалімі қамтылып, Сингапур тәжірибесін білім беру үдерісіне енгізу жұмыстары жүйелі түрде жалғасын табуда.

**Раушан ТУМАЕВА,
Білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері,
Алматы қаласы**

ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Абай және жастар

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани тірегі, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің асқар шыңы. Ол – тек ақын ғана емес, ойшыл, философ, ағартушы, композитор, аудармашы әрі болашақ ұрпаққа жол сілтеген ұлы ұстаз. Адамзат ақылманы атанған тарихи тұлғаның шығармашылық мұрасы мен адамгершілік-рухани ілімі бүгінгі жастар үшін аса құнды. Қай заманда да жастар – елдің ертеңі, халықтың үміті.



Кунзия КОСБАЕВА,
Орал гуманитарлық-
техникалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы,
Батыс Қазақстан облысы

Осыны жақсы түсінген Абай өз шығармаларында жастардың тәрбиесіне, олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіруге ерекше мән берген. Ол өз заманында қазақ жастарының бойында кездескен кемшіліктерді сынап, оларды түзетуге шақырды. Көптеген өлеңдерінде жалқаулық, күншілдік,

мақтаншақтық, еріншектік сияқты теріс мінездер сынға алынады. Абай жастардан керісінше – білімге ұмтылуды, еңбексүйгіш болуды, адамгершілікті, ұятты, намысты биік қояды талап етіп, жас ұрпақты өмірді мәнді өткізуге, білім мен ғылым жолын таңдауға үндейді.

Ол жастарды жалған атақ пен бос мақтаныштың жетегінде кетпей, пайдалы іспен айналысуға шақырды. Абайдың ойынша, шынайы адам болу үшін адам тек ақылды, білімді ғана емес, сонымен бірге арлы, ұяты бар, рухани бай болуы керек. Абай философиясының ең

басты тұғыры – «толық адам» ұғымы. Бұл – адам бойындағы рухани кемелдік пен адамгершілік қасиеттердің үйлесімі.

Абай үшін толық адам – мейірімді, әділетті, шыншыл, еңбекқор, білімді және жүрегі таза жан. Ол мұндай адам болу үшін үш қасиетті ұсынды: «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Бұл – қазіргі жастар үшін де өмірлік бағдар бола алатын қағида. Білім мен ғылымның биік шыңына ұмтылумен қатар адамдық болмысты сақтап қалу, рухани тазалықты сақтау – жас ұрпаққа қалдырған ең басты аманаты.

Қырық бесінші қара сөзі – тұнып тұрған тәрбиелік тағылым, үлкен мектеп. Бұл еңбектер жастарды терең ойға жетелейтін, өмірлік бағыт-бағдар беретін рухани-адамгершілік мектебі іспетті. Әсіресе, 7-ші, 10-шы, 19-шы, 25-ші, 38-ші

сөздерінде жастарға арнаған ақыл-өсиеттері айқын көрінеді. Мысалы, 19-сөзінде: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп айтқан Абай кез келген жастың тек байлықпен емес, ізгі қасиеттермен ерекшеленуі керектігін ескертеді.

Отыз сегізінші сөзінде болса, иман мен сенім туралы терең философиялық тұжырымдар жасайды. Мұндай идеялар жас адамның жан дүниесін байытып, өзін-өзі тануға, өмірлік мақсатын айқындауға жол ашады. Қазіргі жиырма бірінші ғасыр жастары – жаңа технологиялар дәуірінде өмір сүріп жатқан буын. Олар бұрын-соңды болмаған ақпарат ағынының, жаһандану үдерісінің ықпалында. Дәл осындай кезеңде хәкімнің мұрасы жастарға рухани бағдар, адасқанда жол сілтейтін шамшырақ бола алады.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ

Тағылымды іс-шаралармен өрілген әдеби онкүндік

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қадыр Мырза Әлі – ұлттық поэзиямыздың баға жетпес тұлғасы. Қазақ сөзін биікке көтерген, поэзияға жаңаша леп әкелген ақынның туған күніне орай жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени-әдеби іс-шаралар ұйымдастырылады.



Биыл Хамза Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының бастамасымен жарияланған облыстық «Қадыр оқулары» онкүндігі аясында біздің ұжымда бірқатар мазмұнды, тағылымы терең шаралар ұйымдастырылған еді. Бұл игі бастамалар жас ұрпаққа Қадыр шығармашылығын кеңінен насихаттауға, оның рухани мұрасын бағалауға бағытталды. Онкүндік «Сөздің сұлтаны – Қадыр Мырза Әлі» атты поэзия сағатымен ашылды.

Кітапханашылар оқырмандарға Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылық жолы туралы мазмұнды ақпарат ұсынып, ақынның қазақ әдебиетіндегі орны мен ерекшелігіне тоқталды. Поэзия сағаты барысында жас оқырмандар – Р.Айбулатов, Н.Амирова, Т.Бекесов, А.Бекайдарова, С.Құрманғалиева, І.Өтеғали, М.Самиғолла ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ақын шығармашылығына арналған «Сөз зергері – Қадыр Мырза Әлі» атты әдеби көрме ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Көрмеге ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтары: «Ғажайып ғалам», «Балшықұлы Балшықбай», «Көкпар», «Таңдамалы шығармалар», «Афоризмы» және тағы басқа кітаптары қойылып, оқырмандар назарына ұсынылды. Әрбір туындының мазмұны мен идеялық ерекшелігіне тоқталып, ақын шығармаларынан рухани тереңдік пен ұлттық болмыс айқын көрініс табатыны атап өтілді. Мәнерлеп оқу айда-

рында поэзияны сүйетін жас оқырмандар ақын өлеңдерін тебірене оқып, көркем сөз шеберліктерін көрсетті.

Нұрмаханов Расул – «Ауыл түні», Асқарұлы Әділжан – «О, тіршілік! Мен үшін қиындама», Төлеген Ризабек – «Менің әжем» атты өлеңдерін тебірене оқып, көрермен жүрегіне жол таба білді. Бұл көріністерде Қадыр Мырза Әлі поэзиясының терең философиясы мен ұлттық бояуы айқын сезілді. Сонымен қатар кітапхананың белсенді жас оқырмандары ақынның бала-лық шағына арналған сахналық көрініс қойып, оның ауылдағы өмірі, кітапқа құштарлығы мен алғашқы өлең жазу сәттері көрерменге әсерлі жеткізілді.

Көрініс барысында болашақ ақынның білімге деген ынтасы, әдебиетке қызығушылығы шынайы бейнеленді. Бұл әдеби онкүндік Қадыр Мырза Әлі шығармашылығын ұлықтап қана қоймай, жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің жарқын үлгісіне айналды. Ақын мұрасын ардақтау – ұлттық әдебиетімізді қастерлеу. Сондықтан да осындай іс-шаралар арқылы біз жастардың әдебиетке, поэзияға, туған ел мен тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, рухани байлығын еселей түсеміз.

Пугачев ауылдық модельді кітапханасының ұжымы,
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бала тәрбиесі жайлы ата-аналарға арналған әңгіме



Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-сана-сы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Тәрбиенің негізі «ананың әлдінін» басталады емес пе? Әрине, бала тәрбиесіндегі екенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде.

Өкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Балаларды отбасылық тәрбиеде батылдыққа, батырлыққа, адалдыққа, ұлтжандылыққа, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек. «Адал азамат: біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша біздің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру орталығында да ата-аналармен бірлескен іс-шаралар жүзеге асырылады.

Ата-аналарды тәрбиелеу

– білім беру процесіне тартудың мақсаты – балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту. Балабақшамызда ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру, ата-аналармен жұмыс істеуде отбасылық дәстүрлердің тәжірибесін тарату және тәрбиеленушілердің бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру мақсатында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебімен» құрылған.

Осы құрылған отбасылық мектептердің жұмыс жоспарларына сәйкес, бірқатар іс-шаралар жүргізілуде ұйымдастырылады. Отбасы күніне орай «Отбасым – мақтанышым» атты көрме-байқау, «Саламатты өмір – көтеріңкі көңіл!» ата-аналармен спорттық эстафеталық жарыс, «Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең» атты дөңгелек үстел және ұлттық ойын Садақ атудан әкелер арасында сайыс ұйымдастырылды. Осы іс-шаралардың өткізудегі мақсатымыз: отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын арттыру, серіктестік байланысты ны-

ғайту, ұлтымыздың салт-дәстүрлерін насихаттау болып табылады.

Бұдан басқа «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарда «Әже әлпеші – тәрбие кеніші» атты тәрбие-тағылымы мол бала тәрбиесіне қатысты дәстүрлерді дәріптеу үшін шағын қойылым көрсетілді. Басты кейіпкерлер – әже, келіні, немересі, көрші ана, көрші келіні – ұлттық дәстүрлерімізді әдемі көрсетті: жаңа туған сәбиді бесікке бөлеу, бесік жырын айту, тұсау кесу, немереге тәрбиелі әңгіме айту.

Осындай мазмұнды, тәрбиелік мәні зор іс-шаралар тәрбиеші мен ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынаста оң нәтиже береді. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды.

Айгуль КОДАШЕВА,
Света ТУМАРБАЕВА,
№1 «Арман»
бөбекжайының
әдіскерлері,
Абай облысы,
Семей қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ / ОБЪЯВЛЕНИЕ

«Armada Engineering KZ» ЖШС «Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 30Г-уч. мекенжайы бойынша салынған үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Бірінші кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз).

Жария талқылаулар 20.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және т.б. <https://ndbecology.gov.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Armada Engineering KZ» ЖШС. Тел. +7 777 522 8930.

«Хасанова Г.А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел. +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел. +7 (7172) 55-75-08.

ТОО «Armada Engineering KZ» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого комплекса со встроенными помещениями и паркингом, ТП, по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Шыңғыс Айтматова, уч. 30Г. Первая очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 20.01.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Armada Engineering KZ» тел. +7 777 522 8930.

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

«Armada Engineering KZ» ЖШС «Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 30Г-уч. мекенжайы бойынша салынған үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Екінші кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз).

Жария талқылаулар 20.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және т.б. <https://ndbecology.gov.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Armada Engineering KZ» ЖШС. Тел. +7 777 522 8930.

«Хасанова Г.А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел. +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел. +7 (7172) 55-75-08.

ТОО «Armada Engineering KZ» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого комплекса со встроенными помещениями и паркингом, ТП, по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Шыңғыс Айтматова, уч. 30Г. Вторая очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 20.01.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Armada Engineering KZ» тел. +7 777 522 8930.

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

«Armada Engineering KZ» ЖШС «Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 30Г-уч. мекенжайы бойынша салынған үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Үшінші кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз).

Жария талқылаулар 20.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және т.б. <https://ndbecology.gov.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Armada Engineering KZ» ЖШС. Тел. +7 777 522 8930.

«Хасанова Г.А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел. +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел. +7 (7172) 55-75-08.

ТОО «Armada Engineering KZ» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого комплекса со встроенными помещениями и паркингом, ТП, по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Шыңғыс Айтматова, уч. 30Г. Третья очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 20.01.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Armada Engineering KZ» тел. +7 777 522 8930.

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

«Жарқын Құрылыс» ЖШС «Астана қаласы, Сарашық ауданы, 102 А көшесі, 35-уч. мекенжайы бойынша қызмет көрсету және паркінг объектілері бар көппәтерлі тұрғын үй құрылысы» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Бірінші кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз).

Жария талқылаулар 20.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Жарқын Құрылыс» ЖШС. Тел. +7 701 250 3081.

«Хасанова Г.А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел. +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел. +7 (7172) 55-75-08.

ТОО «Жарқын Құрылыс» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого дома с объектами обслуживания и паркингом, ТП, по адресу г. Астана, р-н Сарашық, ул. 102 А, уч. 35. Первая очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 20.01.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Жарқын Құрылыс» тел. +7 701 250 3081.

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

ЖАЗЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ОНЛАЙН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

1. **POST.KZ** сайты немесе мобильді қосымшасына кіріңіз. «Басылымдарға жазылу» бөліміне өтіңіз.

2. Тұрғылықты мекенжайыңызды таңдаңыз.

3. Іздеу жолағына басылымның индексін енгізіңіз: **64603** (Білімді ел – Образованная страна).

4. «Басылымға жазылу» батырмасын басыңыз.

5. Жазылу айлары мен санын таңдаңыз. «Өзгерту» батырмасын басып, қажет жолақта квартал бойынша айлардың жанына плюстиктерді қойып, өзгерістерді сақтаңыз.

6. Төменде жеткізу мекенжайын қосыңыз.

7. Әрмен қарай «Себетке» өтіңіз.

8. Жазылымды төлеу үшін төлем әдісін таңдаңыз.

9. Банк картаңыздың мәліметтерін енгізіп, төлемді жүзеге асырыңыз.

10. Жазылым түбіртегін сақтап қойыңыз. Кейін ол сізге газет беттерінде мақалаңызды тегін жариялауға мүмкіндік береді.

Қызмет 24/7 қолжетімді және жеткізілім клиент көрсеткен мекенжай бойынша іске асырылады.

ТОО «NT-ASTANA», БИН 241040027062, объявляет о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев по адресу: г. Астана, ул. Сыганак 54а, оф 1011.

Следите за нами в соцсетях!



bilimdinews.kz



telegram



facebook



youtube

Бас редактор:

Ләззат Мақсұтқызы

Түркістанова

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті. Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі: 64603.

Редакциялық кеңес: Онланбекқызы Г., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор; Мұқанова С.Д., педагогика ғылымдарының докторы, доцент; Набатникова Т.И., педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер.

Шығарушы редактор: Жанет Сүлейменова (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша) | Дизайн және беттеу: Эрик Муратов

Редакция мекен жайы:

ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.

E-mail: bilimdi_el@mail.ru

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейддинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

Таралымы: 15 000 дана

Тапсырыс: 6

Газет апта сайын сейсенбіде шығады

АҰМАҚТАР

▶ АСТАНА ҚАЛАСЫ

Сыйға тартылған инновациялық кабинет

Елордадағы Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов келді. Кездесу барысында мектеп директоры Гүлмира Жарменова MANSURY компаниясы сыйға тартқан SmartLab инновациялық оқу кабинетімен таныстырды, – деп хабарлайды Астана қаласындағы білім басқармасының баспасөз қызметі.

Бұл кабинет көпфункционалды зертханалық станциялармен, цифрлық датчиктермен, робототехникалық жинақтармен, интерактивті панельдермен, бағдарламаланатын құрылғылармен және заманауи технологиялармен жабдықталған. Айта кету керек, MANSURY компаниясы еліміздің аумағында SmartLab форматындағы заманауи оқу кабинеттерін кешенді түрде жабдықтайтын жалғыз компания болып табылады.

Компанияның басты мақсаты – білім беру саласын жаһандық деңгейдегі сапалы әрі заманауи жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, оны білім беру ұйымдары үшін экономикалық тұрғыдан

қолжетімді ету. Сонымен қатар Ералы Лұқпанұлы биыл мектебімізде ашылған ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған инклюзивті білім беруді қолдау және емдік дене шынықтыру кабинеттерінің жұмысымен танысты.

Ералы Лұқпанұлы әңгімелесу барысында SmartLab оқу кабинетіне жоғары баға беріп, аталған кабинет Қазақстан Республикасы Президентінің жасанды интеллектті дамыту, білім беру жүйесіне озық технологияларды енгізу және балалардың заманауи құзыреттерін қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларына толық сәйкес келетінін атап айтты.



Оның айтуынша, бұл оқу кеңістігі бүгінгі күннің барлық заманауи талаптары мен нақты білім беру қажеттіліктеріне сай келеді.

Сондай-ақ ол мұндай заманауи жабдықталған оқу кабинеттері

білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және технологиялық сауаттылығын дамытуға зор мүмкіндік беретінін айтты. SmartLab сынды

инновациялық білім беру ортасы оқушыларды тәжірибеге негізделген оқуға баулып, болашақта бәсекеге қабілетті, шығармашыл әрі жаңашыл тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

▶ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Оқыту бейіні мен кәсіпті саналы таңдау

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде аймақтағы білім беру ұйымдарының басшылары мен кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты мамандарға арналған «Балаларды оқыту бейіні мен кәсібін саналы таңдау» тақырыбындағы өңірлік семинарды осы жоғары оқу орны мен облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырды, – деп хабарлайды жергілікті осы салалық құрылымның баспасөз қызметі.

Бүгінгі таңда білім алушыларды еңбек нарығының талаптарына сай бағыттау, олардың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес мамандық таңдауына жағдай жасау – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Осы орайда аталған семинардың басты мақсаты – білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, әдіскерлер мен жауапты мамандарға әдістемелік қолдау көрсету, сондай-ақ олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

Семинар барысында қатысушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімді әдістерін қолдану жолдары, инновациялық

тәжірибелерді білім беру ұйымдарына енгізу, лайықты маман даярлаудың заманауи тетіктері кеңінен таныстырылды. Сонымен қатар қатысушылардың кәсіби және тұлғалық құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған тәжірибелік ұсыныстар мен нақты кейстер ұсынылды.

Іс-шараның ашылуында оқу-әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Нарекеева Агура Маарбановна құттықтау сөз сөйлеп, кәсіби бағдар беру жұмыстарының аймақтық білім беру жүйесіндегі жұмыстардың барысына тоқталды. Спикерлердің қатарында университет өкілшілігі мен білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты тәжірибелі мамандар болды. Олар тағылымды тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігін арттырудың нақты жолдарын ұсынды.

Аймақтық семинарға жалпы саны екі жүз елуге жуық маман қатысты. Бұл іс-шара өңірдегі білім беру мекемелері арасында тәжірибе алмасуға, кәсіби байланысты нығайтуға және болашақта білікті маман даярлау жүйесін жетілдіруге зор ықпал етпек. Кәсіби бағдар – жас ұрпақтың өмірлік жолын дұрыс таңдауға бағыт беретін маңызды құрал. Сондықтан мұндай семинарлар білім беру сапасын арттырып, ел болашағын айқындайтын жас мамандарды даярлауға берік негіз қалайды.



▶ АБАЙ ОБЛЫСЫ

«Табиғатты аялайық» экологиялық акциясы



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыруға және азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған жергілікті аймақтағы жүйелі жұмыстар жалғасуда, – деп хабарлайды Абай облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.

Үржар ауданындағы «Болашақ» саябағында «Табиғатты аялайық» атты экологиялық акция осы бағдарлама шеңберінде ұйымдастырылды. Іс-шараға алпысқа жуық мектеп оқушылары мен «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері қатысты. Негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, құстардың табиғи мекендеуіне қолайлы жағдай жасау және өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Іс-шара барысында саябақ аумағындағы ағаштарға құстарға арналған 12 ұя орнатылып, арнайы жем қойылды.

– Бұл іс-шара оқушылардың бойында табиғатты аялауға, құстар мен жануарларға деген сүйіспеншілік сезімін

арттыруға бағытталды. Осы акцияның нәтижесінде құстардың саны артып, орнатылған ұялар өз иелерін табады деп үміттенеміз, – деді «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің өкілі Баян Садакова. Бұл экологиялық акция табиғатқа жанашырлық танытуға және қоғамның экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі болып табылады.

Құстар – табиғи тепе-теңдікті сақтауда ерекше рөл атқаратын тіршілік иелері, ал оларды қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан мұндай игі бастамалар қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, жас ұрпаққа табиғатты аялаудың маңызын түсіндіруге және экологиялық сананы қалыптастыруға зор үлес қосуда.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында былтыр облыс аумағында ауқымды жұмыстар атқарылды. Өртүрлі экологиялық акцияларға 349 мыңнан астам тұрғын қатысып, елу екі мың тоннадан астам қоқыс шығарылды. Көгалдандыру жұмыстарының нәтижесінде жетпіс мыңнан астам көшет отырғызылып, ғарыштық мониторинг арқылы анықталған 191 рұқсат етілмеген қоқыс орны жойылған.